

Ел және Елбасы

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ЖЕТЕКШІ ТЕЛЕАРНАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН СҰХБАТЫ

Құрметті оқырман! 2014 жылдың 21 желтоқсаны күні сағат 21.30-да республикалық «Қазақстан», «Хабар» және «24 KZ» телеарналары арқылы Елбасымыз - Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің жетекші телеарналар өкілдерімен кездесіп, олардың сұрақтарына жауап берді. Бұл хабарды республика халқы зор қанағаттанғандық сезіммен қабылдады. Біздің аудан жұртшылығы да Елбасымен болған сұхбатта қозғалған мәселелерге ризалықпен назар аударды. Нұрсұлтан Әбішұлының журналистердің алуан тақырыпта қойған сұрақтарына берген жауабы аманкелділіктердің де көңілінен шықты. Бұл сұхбатта еліміздің ішкі және сыртқы саясаты туралы байыпты әңгімелер қозғалды.

Елбасының телеарна өкілдерімен болған аталмыш сұхбатында мемлекетіміздің 2014



жылды қалай қорытындылағаны және алда тұрған міндеттері жан-жақты әрі нақты сараланды. Сол сияқты, таяуда ғана өзі жариялаған «НҰРЛЫ ЖОЛ - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ» атты Жолдауынан туындайтын міндеттер де кеңінен сөз болды.

Сұхбат барынша салихалы да салмақты, байыпты да байсалды болды. Елбасымыздың кемеңгерлігі мен көрегендігі, сұңғыла саясаткерлігі мен алдағыны күні бұрын зерделей білетін көрегендігі аталмыш сұхбатында да кеңінен көрініс тапты. Сондықтан да, біз газетіміздің бүгінгі нөмірінде Елбасымыздың еліміздің жетекші телеарналар өкілдерімен болған сол сұхбатын сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз.

(Елбасының отандық жетекші телеарналар өкілдерімен болған сұхбатын газетіміздің 2-5 беттерінен оқисыздар.)

Спорттың бұқаралығы - денсаулық кепілі

МЕКТЕП ЖАНЫНАН ХОККЕЙ КОРТЫ АШЫЛДЫ

2014 жылдың 22 желтоқсаны күні сағат 16-да Аманкелді орта мектебінің жанынан ашық хоккей корты ашылды. Оған аудан орталығындағы орта мектептердің хоккейші оқушылары мен спорт ардагерлері қатысты.

Салтанатты рәсімде аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов рәсімге жиналған көпшілікті ашық хоккей кортының ашылуымен құттықтады. Жас спортшыларға сәттілік тіледі.

Келесі кезекте ардагер хоккейші А.Таубаев сөз алып, ауданымызда спортты дамытуға байланысты жасалынып жатқан жаңалықты жақсы істерді атап көрсете келе, хоккей кортының ашылуын жетістік деп бағалады.

- Біздің кезімізде мұндай хоккей корттары болған емес. Спорт құралдары да ойдағыдай болмады. Міне, қазір спорттың қай түрін болмасын дамытуға лайықты жағдай жасалынып отыр. Соның бірі - білімнің қара шаңырағы Аманкелді орта мектебінің қасынан хоккей кортының ашылуы деп білемін.

Біз кезінде мұндай жағдай болмаса да хоккей ойнап, жақсы көрсеткіштерге жеттік. Аудандық, облыстық жарыстарда табысты болып, республикалық байқауларға да жолдама алдық. Бүгінгі хоккейші оқушылар бізден де жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндіктері мол. Сондықтан да, ауданымыздың ардагер спортшылары атынан оларға жеңістер тілеймін. Спорт - денсаулық кепілі. Сондықтан да, ауданымызда хоккей ойынын өркендетіп, дамытуға жасалған жақсы жағдайды пайдалана отырып, ойдағыдай көрсеткіштерге жетейік! - деді А.Таубаев.

Салтанатты рәсімде Б.Қолдасбаев атындағы, Ы.Алтынсарин атындағы және Аманкелді орта мектептерінің хоккейші оқушылары мұз айдынында шеру жасады.



Ал мұнан соң, хоккей кортында ардагер хоккейші командасы мен мектеп оқушылары арасында жолдастық кездесу өткізілді. Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің хоккейші оқушыларымен өткен кездесу тартысты болды. Ойынның алғашқы минутында есепті Б.Қолдасбаев атындағы мектеп хоккейшілері ашты. Көп өтпей ардагер хоккейшілер командасының ойыншысы зейнеткер С.Сайділдин есепті теңестіріп, қарсыластар қақпасына 1 шайба соқты. Ойынның 3-ші және 10-шы, 15-ші минуттарында ардагер хоккейшілер Н.Бермұханбетов 2 шайба, Н.Қойшығұлов 1 шайба соғып, ойынды 4:1 есебімен аяқтады.

Мұнан соң Аманкелді орта мектебі оқушылары хоккейшілер командасымен де кездесу өткізіп, оларды 2:0 есебімен жеңді.

Жарыс нәтижесі ардагер хоккейшілер командасының бабында екенін танытты. Олар мектептердегі хоккейшілер командаларына әдемі үлгі-өнеге көрсетті.

Ия, Аманкелді орта мектебінің жанындағы хоккей кортында ардагерлер командасымен болған сайыстар оны тамашалаған көпшілікке де, жас хоккейшілерге де жақсы әсер қалдырды. Жас хоккейшілер алдағы уақытта хоккей ойынын дамытып, жақсы нәтижелерге қол жеткізетіндіктерін мәлімдеді. Әрине, бұл айтылғандарды алдағы уақыт көрсететін болады. Ал біз жас хоккейшілерге табыс тілейміз. Ауданымызда ғана емес, облыста, қала берді республикаларда жақсы нәтиже көрсету үшін шеберліктерін шыңдай беруін тілейміз.

Суреттерде: ардагер хоккейшілер (солдан оңға қарай) Н.Бермұханбетов, А.Таубаев, С.Сайділдин және Аманкелді орта мектебінің хоккейшілер командасы.

Г.СМАЙЫЛОВА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ЖЕТЕКШІ ТЕЛЕАРНАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН СҰХБАТЫ



Нұрсұлтан ҚҰРМАН, «Хабар» агенттігі:

– Құрметті Елбасы, Сізбен жолығу мүмкіндігі туғанына қуаныштымыз. Менің және әріптестерімнің сізге қояр бірнеше сұрақтары бар.

Сіздің «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты туралы Жолдауыңыз жұрт көңіліне ұялаған күдікті сейілтті. Осындай маңызды қадамның тарихи қажеттілігі қандай және осы саладағы инфрақұрылымға салынатын қаражат өзін қалай ақтайды? Оның біздің экономикалық жағдайымыздағы тиімділігі қандай?

– Халық өз басшыларын сайлаған кезде, сол басшының қолына тізгін-шылбырды береді де, «біздің жағдайымызды ойла» дегенді айтады. Дәл солай айтылмаса да, мағынасы сондай болады. Президенттің, ел бастаған адамның мойнындағы жүктің ауырлығы да сонда. Ол болып жатқан, алда келе жатқан оқиғаларды біліп, түсініп, сараптап, соған қарсы алдын ала жұмыс істеп, халықтың жағдайын қиындатпауды ойлауы керек.

Көріп отырсыздар, мен Жолдауды қашан жарияладым? Өткен айда. Ал кешегі Ресейдегі жағдай бір айдан кейін болды, ешкім оны ойлаған жоқ.

Жалпы сараптай келіп, дүние жүзінің экономикасында осындай жағдайдың жақындап қалғанын болжадық. Сондықтан бұл – алдын алу шарасы, екіншіден, бұрыннан ойлап келе жатқан, халыққа керек нәрсе. Мысалы, біздің жиған қорымыз болмаса, біз бұған бара алмас едік.

Көлік инфрақұрылымы дегеніміз – жол. Кең байтақ Қазақстанның жерінде жол болмаса, адамдар бір-бірімен қатынаспайды. Жолға ешқандай бизнес ақша бере алмайды, себебі бұл көп жылда қайтарылатын нәрселер. Бизнесің оған жағдайы жоқ. Тек қана мемлекет, күшті мемлекет, жағдайы бар мемлекет жол салады.

Біздің жолдарымыздың бәрі солтүстікке қарай, Ресейге қарай салынған. Біз ана Қостанайдан Ақтөбеге дейін төрт жүз шақырым жол жасадық. Неге? Себебі, Қостанайдан Ақтөбеге келу үшін шекарадан ары-бері өту, тексерілу керек. Қанша қиын болғанымен, біз солай еттік. Жол бойында қаншама ауылдар пайда болды.

Мысалы, Өскеменге бару үшін Алматыдан шығып, Локоть деген стансаға бару керек еді, өзі де шынтақ секілді. Содан кейін Өскеменге бара-

тын. Сондықтан Шар арқылы Өскеменге тура жол салынды. Екібастұздан Өскеменге қарай жол салынды. Мұның бәрі жолдардың сыртқа шықпай, ішкі қатынасты ел аумағы арқылы қамтамасыз ету үшін жасалды.

Біз, мысалы, оңтүстікте де өзбек ағайындардан шығатын жол арқылы Жетісайдан Шымкентке келе алмай қалдық қой. Алдымен Өзбекстанға кіреді, сосын шығады. Сондықтан Шардараның үстінен көпір салуға тура келді.

Ал енді кейінгі, мынау Қорғастан Жетігенге, Аркалықтан Жез-қазғанға, Жезқазғаннан Бейнеу-ге дейінгі теміржол желісінің құрылысын бітірдік. Сол арқылы Қазақстан теміржол желісімен толық қамтамасыз етілді. Сондықтан, «Нұрлы жол» айқындаған көлік мәселесі – басты нәрсе. Жол – экономиканың күре тамыры, адамдардың өзара қарым-қатынасы, өңірлердің орталықпен байланысы, облыстардың бір-бірімен қатысуы.

Егер бизнес Қазақстанда керек тауардың бәрін шығаратын болса, болашақта дағдарысқа қарсы негізгі шара осы болып саналады. «Нұрлы жол» теміржол және автомобиль жолдарын, электр желілерін ғана емес, жаңа электр стансаларын, сондай-ақ тұрғын үй, тұрғын үй-коммуналдық ша-руашылықты да қамтиды. 2007-2009 жылдардағы дағдарыс кезінде тәжірибе жинадық, бізде дағдарысқа қарсы әлем мойындаған үздік бағдарлама болды. Бұл бағдарламадағы ең басты тармақ – шағын және орта бизнесті қолдау. Жұмыс орындарын шағын және орта бизнес құрады. Онда адамдар жұмыспен қамтылған. Ал өндіріс икемділігімен ерекшеленеді. Мысалы, Түрксіб бүгінге дейін жұмыс істеп тұр. Сондықтан біздің салғандарымыз да балаларымызға жүз жыл қызмет етеді. Тіпті сіздердің балаларыңызға да. Біздің жасаған нәрсеміз өте игілікті шаруа.

Біз өз нарығымызды қамтамасыз ету үшін өңдеумен айналысатын, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін ондаған жаңа зауыт салдық. Мен бәріміз «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыру үшін жұмылуға тиіспіз деп санаймын.

Майя БЕКБАЕВА, «7 арна»:

– Келер жылы біз Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын атап өтеміз. Әлбетте, бұл ұйым кейбіреулердің скептикал-

сипаттағы пікірлеріне қарамастан, өзінің маңыздылығын дәлелдеді. Бұл орайда, бәрі жақсы секілді. Бірақ Сіз бұл тақырыпқа қайта-қайта оралып жүрсіз. Жаңа Жолдауыңызда ұлтаралық келісім мен бірлікті нығайтудың қажеттілігіне тағы да назар аудардыңыз. Бұған қажеттілік бар ма?

– Қазақстан небәрі 20 жылда ғажап табыстарға жетті. Экономика 16 есеге, халықтың табысы 17 есеге артты. Яғни, осы уақыт бойы біз жасампаз еңбек үрдісінде болдық. Бұл елдегі бейбіт өмірдің арқасында ғана мүмкін болды. Хаос жағдайында бұлай болмайды.

1995 жылы, тәуелсіздік жариялағаннан кейін аз ғана уақыт өткен тұстағы кезеңнің сипаты әлі де беймәлім болатын. Қай бағытта ілгерілейміз, халықты қайда бастаймыз, оны әлі білмейтін едік. Сол уақытты түрлі этнос өкілдері арасында алаңдаушылық болды. Ұлттың, тілдің, діннің ахуалы қалай болады деген мәселелер туындады. Еліміздің барлық этностарына арналған мінбер, Президент жанындағы кеңесші орган – Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясы сол кезде туды. Ассамблея сессиясына жиналған әр адамның Үкіметке өз сөзін айтуға құқығы бар, ал Үкімет жұртты не толғандыратынын білетін болады.

Барлық облыстарда кіші Ассамблеялар құрылды, мәдени орталықтар жұмыс істейді. Мен басқаратын Ассамблея енді конституциялық органға айналды. Ол Парламентке 9 депутат ұсынады. Бұл олардың жоғары өкілді органдағы өкілдері.

Олардың келісімінсіз бірде-бір заң немесе заңға енгізілетін өзгерістер қабылданбауы тиіс. Сондай-ақ бұл заңдар Қазақстанда біреудің құқығын шектесе де, солай болады.

Бұл жұмыстың нәтижесі бар. 1994-1995 жылдары Қазақстаннан жаппай кету үрдісі болған еді. Қазір адамдар қайтып келіп жатыр. Ассамблея бүгінде біздің өмірімізге берік енді, өзімізді онсыз елестете алмаймыз. Ол этникалық азшылықты ғана емес, бүкіл қазақстандықтарды біріктіреді. Біз сол арқылы түрлі мәселелерді талқылап, халықтың мұн-мұқтажын біліп отырамыз. Сондықтан Ассамблея мемлекеттің маңызды органы болып саналады. Ол Қазақстанның тұрақтылығының айшықты атрибуты. Сол себепті де мен әрдайым үлкен міндеттер арта отырып, бүкіл халықтың қолдауына ие болу үшін Ассамблеяға жүгінемін.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ЖЕТЕКШІ ТЕЛЕАРНАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН СҰХБАТЫ

Ярослав КРАСИЕНКО, «КТК» телеарнасы:

– Тәуелсіздік алғаннан бергі соңғы екі онжылдықта бізде негізгі ұстанымымыз көпвекторлылық болғаны мәлім. Соның арқасында біз қазір бірде-бір мемлекетпен араз емеспіз, барлық елдермен өзара тиімді ынтымақтастық орнатып отырмыз. Бірақ әлемдегі соңғы оқиғалар, өкінішке қарай, мемлекеттердің түрлі блоктар бойынша тағы да бөліне бастағанын көрсетуде. Осыған байланысты көпвекторлықтан бас тартып, сыртқы саяси стратегияны қайта қарайтын кез келген жоқ па?

– Әлемде бейтараптықты ұстанатын біраз ел бар. Іс жүзінде барлық мемлекеттерді көпвекторлы деп атауға болады. Бұл тәуелсіздік пен дербестік жағдайында әрбір мемлекет кімдерді тиімді санаса, сол елдердің барлығымен араласып, сауда жүргізіп, саяси шарттар жасай алатынын білдіреді.

Біздің көпвекторлылық ұстанымыз айналамыздағылардың бәрімен достық қатынасқа әкелді. Ешқандай мемлекетпен арамызда шешілмейтін дауымыз жоқ. Шекарамыздың барлығы сызылған, делимитацияланған, демаркацияланған.

Елдер түрлі блоктарға кіруі мүмкін, бірақ ол қазіргі заманда кең ауқымды ықпалдастыққа кедергі келтірмейді. Мысалы, НАТО әскери блок болып саналады, бірақ бұл ұйымның құрамындағы мемлекет барлық өзге елдермен қарым-қатынас жасайды.

Қазақстан ҰҚШҰ-ға мүше. Бұл – қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге, яғни лаңкестікке, экстремизмге, есірткі трафигіне, халықаралық қылмыстарға қарсы әскери-саяси блок. Шартта бір тармақ бар, оған сәйкес қатарындағы біреуіне басқыншылық жасалған жағдайда, мемлекеттер бірлескен қорғаныс туралы шешім қабылдайды.

Біз көпвекторлы саясатымыздан бас тартпаймыз, оған негіз жоқ. Қазақстан 1 қаңтардан бастап Еуразиялық экономикалық одаққа кіреді. Оған қоса, біз Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру қарсаңында тұрмыз. Сондай-ақ біз Еуропалық одақпен кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім бойынша келіссөздерді аяқтадық. Біз қол қойған барлық шарттарда, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта да бұның үшінші мемлекетпен қарым-қатынасымызға кедергі келтірмейтіні туралы айтылған.

Аида БОРАНБАЙ, «31 арна»:

– Бүгінгі таңда жұртшылықты алаңдатын мәселенің бірі – терроризм. Тіпті оны «ислам терроризмі» деп атау үрдіске айналып барады. Осыған қатысты сіздің пікіріңіз қандай?

– Терроризм, экстремизм деген мәселе ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың басында шықты. Бірақ оны исламға апарып жабыстырудың ешқандай қисыны жоқ. Ислам бейбітшілікті қалайды, ал «ислам терроризмі» деп аталып жүрген нәрсенің діни де, ұлттық та белгісі жоқ. Мәселен, ИГИЛ-ге қазір еуропалықтар – ағылшындар, француздар барып жатыр. Онда Орталық Азия, Түркия, өзге де мемлекеттердің азаматтары бар. Әлдебір қағидаттарға сай біріккен ол адамдар ақша үшін жұмыс істеуде. Мен терроризмді исламға телітін көзқарасты қолдамаймын.

Құранда «Бір жазықсыз адамды өлтірсең, бүкіл адамзатты өлтіргенмен бірдей» деген сөз бар. Сондықтан, терроризмді жалпы адамзаттың жауы деп санау керек.

Өкінішке қарай, қазір қаражаты жоқ, жұмысқа орналаспаған, жағдайы дұрыс емес, ауру-сырқау адамдарға ақша береді дағы, түрлі жолдармен экстремистік ұйымдарға тартады. Кейбірін отбасымен апарды, кері қайтайын десе, әйелдерін жібермейді, балаларын жібермейді.

Халыққа айтатыным, жастарға айтатыным – ондай жаман пиғылдан, болашағы жоқ пиғылдан аулақ болу керек. Біздің халықты ислам дінінің негізін дұрыс түсінуге баулу керек. Ол үшін сауатты молдаларымыз болуы керек. Қазір оларды оқытып жатырмыз.

**Жайнагүл ТӨЛЕМІСОВА,
«Қазақстан» ұлттық арнасы:**

– Сіздің Ұлытауда, Әулиебұлақтың басында айтқан сөздеріңіз халыққа ой салды. Тарихшылар, қоғам қайраткерлері бұл сұхбат заманауи Қазақстанның өткен тарихымен, өр тарихымен қауышуына жол ашқан тарихи толғам болды деп бағасын беріп жатыр. Сіздіңше, ұлт жадындағы ізгі қасиеттерді ояту үшін біз қандай қам-қарекет жасауымыз қажет және сол Ұлытаудағы толғам, Ұлытауда айтылған ой желісі біздің ұлттық идеологиямызбен сабақтас бола ала ма?

– Менің қатарластарым, менен кейінгі келе жатқан буын кезінде тек қана Октябрь революциясынан бергі тарихты ғана біліп, соны оқыдық. Басқасы жоқ сияқты болатын. Соған дейінгі қазақтың тарихы бар да, басқасы жоқ сияқты еді. Біздің жастар, біздің халық мың жылдық тарихымыз бар екенін білуі керек.

Қай жерден біз тарихымызды іздеп табамыз десек, арғы ғұндар – біздің бабаларымыз. Одан бері қарай келетін болсақ – Ұлы түркі қағанаты.

Біздің жеріміз қай кезде де сол елдердің орталығы болды. Одан кейін – Алтын орда. Осының өзін санайтын болсақ, 2000 жылдық тарихымыз шығады. Соның барлығынан өтіп келіп, тілімізді, дінімізді, ұлттығымызды сақтап қалған қандай керемет халық бұл қазақ деген?! Ешқайсысымен қосылып кеткен жоқ. Мына тұрған Қазақстан – бүкіл тарихтың түп-тамыры. Тарихқа келгенде, желісі, жолы осы. Біз жастарымызды осылай тәрбиелеуіміз керек.

Хандықтың 550 жылдығы деп жатырмыз. Керей мен Жәнібек – олар да Шыңғыс ханның ұрпақтары. Дегенмен, қазақ болып бөлініп шығып, хандық құрған кез – сол кез. Содан бастап қазақ хандығы пайда болды, Керей мен Жәнібек 550 жыл бұрын Шудың бойында өздері бөлініп шығып, мемлекет құрды.

Соның бәрі біздің жастарға, біздің ұрпағымызға тамырымыздың терең екенін көрсетеді. «Тамыры терең қара емен, қасқақ күтер дауылды» деген сөз бар өлеңде. Тамырың терең болса, қандай дауыл болса да қасқақ көтересің.

«Мәңгілік Ел» деп айттық қой. Бұл – идея. Осы идеяның төңірегінде топтасу керек. «Мәңгілік ел» атауы ежелден славяндар мен түркілерге түгел таныс. Ол алғаш Тоныкөк деген бабамыздың аузынан шыққан болатын. Біздің жырауларымыздың да аузынан шыққан. Бұл енді ізгі тілек қой. Мына мемлекетіміз мәңгі болсын, еліміз мәңгі болсын, тіліміз өшпесін, халқымыз өшпесін, ұзағынан болсын барлығы деген сөз.

Ал «Мәңгілік Ел» неге идея болады? Ауызбен айта салғаннан мәңгілік ел болмайды. Сол мәңгілік елді жасау үшін күресуіміз керек. Мәңгілік елдің экономикасы, тұғыры мықты, жастары сауатты болуы керек. Мемлекеттің қару-жарағы мықты болуы керек, көршілерімізбен жақсы болуымыз керек, дос табуымыз керек. Сөйтіп, мемлекетіміздің терезесін өзгелермен тең етіп, олардың алдында тұсу үшін жұмыс істеуіміз керек. Мына «Нұрлы жол», 2030 жылға дейінгі, 2050 жылға дейінгі бағдарламаларымыз, 30 елдің қатарына кіреміз деген мақсатымыздың барлығы – сол «Мәңгілік Елді» қалай жасау керек деген жолдағы әрекет. Сонда ғана біз өркендеген және бейбіт, азаматтарының жақсы тұрмысы үшін жағдай жасайтын «Мәңгілік ел» боламыз деп айта аламыз.

**Виталий ПОПОВ,
«СТВ» телекомпаниясы:**

– Бүгінде әлемдік күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі Украина және оның төңірегіндегі ахуал болып саналады. Осы оқиғалар Қазақстанға қалай әсер етуі мүмкін? ЕАЭО жұмысын бастайтынын ескерсек, еліміздің алдынан қандай қатерлер шығуы мүмкін? Ресей экономикасы зардап шегіп жатқан санкциялар біздің елге әсер ете ме?

– Мемлекеттегі тұрақсыздық экономика әлсіз, жұмыс орындары, еңбекақы төлемдері мен табыс жеткіліксіз кезде халықтың әлеуметтік жағдайы мен өмір сүру деңгейінің төмендігінен пайда бо-

лады. Осының бәрі наразылық тудырады. Ал мұндай сәттерде түрлі күштер халықты соңынан ертуді мүмкін. Мен бүкіл қақтығыстың себебін Украинаның тәуелсіздік жылдарында тиісті экономикалық саясат жүргізбей, елдің орнықты дамуын қамтамасыз етпеуінен көремін.

Украина Қазақстанға жақын. Мен жеке өзім бұл елді жақсы білемін. Бізді әрқашан көптеген жайттар байланыстырды. Украинадан қоныс аударғандар кезінде тың жерлерге, бізді елдің өнеркәсіп кәсіпорындарына келді. Мен әркез украиналықтардың менталитеті белгілі бір дәрежеде қазаққа ұқсас деп санадым. Біздің халықтарымыз бір-бірін ежелден біледі, өйткені Ұлы дала оңтүстік Украинаға дейінгі кеңістікті алып жатыр. Украиндар мен қазақтарда түрік сөздерінің көп болуы кездейсоқтық емес.

Өкінішке қарай, украин халқын қақтығысқа, өз қандастарын өлтірген соғысқа киеліктірді. Нәтижесінде, негізгі өнеркәсіптік кәсіпорындар орналасқан Шығыс Украина қирап қалды. Экономиканың ішкі жалпы өнімді қалыптастыратын айтарлықтай бөлігі бүгінде істен шықты. Шығыс Украинаны қалпына келтіру үшін орасан қаражат керек.

Қазіргі міндет – мына соғысты тоқтату, Украинаның тәуелсіздігін нығайту, оның аумағының тұтастығын мойындау және келіссөздер үстеліне отыру.

Мен Қазақстан Ресейге де, Украинаға да бірдей қарайды деп есептеймін. Бізде ешқандай мүдде қақтығысы жоқ. Мен ешбір тарапты жақтамайтын, бейтарап ұстанымдағы әрі қандай да бір үлес қоса алатын, шынайы көзқарастағы менеджермін.

Украина, Ресей және Еуропаның талпыныстары тоғысатын тұстар бойынша келісімге келу керек. Бұл дегеніміз – соғысты тоқтату, тұтқындарды босату, Шығыс Украинаны қалпына келтіруге жәрдемдесу, тілдердің мәртебесін айқындау. Осы мәселелерді президенттер деңгейіне шығарып, еуропалықтармен бірге келісімге келу қажет.

Санкциялардың ықпалына келетін болсақ, олар Қазақстанға тікелей әсер етпейді. Әйтседе, бұл жағдайдың жақсы боп тұрған дәнencesі де жоқ. Өйткені, Ресей – біздің негізгі серіктесіміз.

Енді Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық одақ аясында біз елдеріміздің аумағына не әкелуге болады, нені шектеу керек дегенді бақылап отыруға мәжбүрміз. Себебі, бұл біздің кәсіпорындарымызды тұралатуы мүмкін.

Бірі өз ретімен келе жатыр. Қазақстан Еуропалық одақ елдерімен және басқа мемлекеттермен сауда жүргізуде. Бізбен әлемдік қаржы институттары ынтымақтастық орнатып отыр. Инвестиция батыстан да, шығыстан да келуде. Сондықтан жұмыс істей береміз. Әрі болып жатқан оқиғаның бәрін жіті бақылаймыз.

**Руслан СМЫКОВ, «Первый канал
«Евразия» телеарнасы:**

– Сіз әлемдік қаржы дағдарысы әлі еңсерілмегенін бірнеше рет ескерттіңіз. Бүгінде көптеген танымал сарапшылар оның «екінші толқыны» келе жатыр дегенді айтуға бейім. Экономика тұрғысынан біздің бұған жауабымыз бар, оны біз Жолдаудан естідік. Жағымсыз оқиғалар әлеуметтік салаға қалай ықпал етуі мүмкін? Ел тұрғындарына «белбеуді қаттырақ тартуға» тура келмей ме?

– Қазақстандықтардың мұндай аландаушылығы бар деп ойлаймын. Алайда бұл жолғы дағдарыстың жөні бөлек. 2007 жылғы дағдарыс қазір тыныш өмір сүріп, жұмыс істеп жатқан АҚШ-та басталды. Қазіргі дағдарыс мұнай мен газ бағасының төмендеуінен, сондай-ақ Ресейге қарсы санкциялардан туындады.

Ауыр дағдарыс ұзаққа созылмайтын болса, экономикадағы турбуленттілік 10-20 жылға дейін созылуы мүмкін. Еске түсірсек, 2007-2009 жылдары дағдарыс болды, ал біз 2010 жылы еңсе көтере бастадық. Бұл жолы дағдарыс құбылыстары 2015-2016 жылдарды қамтуы мүмкін. Бірақ әдетте дағдарыстан кейін экономика өрлеп, соның нәтижесінде мұнай мен газды тұтыну ұлғаяды. Сөйтіп, олардың бағасы да көтеріледі.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ЖЕТЕКШІ ТЕЛЕАРНАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН СҰХБАТЫ

Мен мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелері қандай жағдайда да қысқартылмайтынын жарияладым. Бұл зейнетақыға, бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің еңбекақысына, өзге де әлеуметтік төлемдерге қатысты. Қазақстан халқына алаңдаудың қажеті жоқ. Бізде мұнай бағасы барреліне 70, 60, 50, 40 доллар болатын жағдайға арналған жоспар бар. Тұрғындарды қолдап, тұрмыстарының нашарлауына жол бермейтін резервтеріміз бар.

Біз қазір әлемде валюталардың жағдайы, экономиканың қарқыны қалай болып жатқанын бақылап, Ресейдегі ахуалды көріп отырмыз. Бүгінгі таңда Қазақстанда қауіпті ештеңе болып жатқан жоқ. Сол себепті алаңдап, алашапқын болу қажет емес. Адамдардың бойына үрей ұялатып, дүрбелең туғызатындарға қарсы тиісті заң қабылдадық. Халықтың банктердегі салымының сақталуы кепілдендірілген. Ол үшін бізде арнайы қор құрылған.

Ал валютаның ауытқуы әрдайым болып тұрады. Бұл – бүкіл әлемдегі қалыпты құбылыс. Доллардың бағасы 50 жыл бұрын да, қазір де барлық елде әрқелкі. Біз Қазақстанның жағдайында азық-түлік пен киім-кешек сатып алуды, жол жүруді теңге арқылы жүзеге асырамыз. Біз ішкі тұрақтылықты, барлық әлеуметтік төлемдерді қамтамасыз етеміз.

Оксана ПЕТЕРС, «Астана» телеарнасы:

– Қазақстанда отбасын қолдау саясаты арқылы демографиялық ахуал жақсарып, халқымыздың саны жылдан жылға өсіп келеді. Бұған нақты дәлел, биыл мектепке баратын балалардың саны 70 мыңға артқан екен. Егер осы қарқын сақталар болса, жыл сайын ондаған мектеп салуға тура келеді. Қалай ойлайсыз, отандық экономика мұндай әлеуметтік салмақты көтере ала ма? Бұл жағдай демографиялық ахуалға кері әсерін тигізбей ме?

– 1960 жылдары Таиланд тәуелсіздігін алған кезде халқы 16 миллион болатын. Қазір 65 миллионға жетті. Бар болғаны 40-50 жыл.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1991 жылдан 1995 жылға дейін Қазақстаннан 3 жарым миллион халық кетіп қалды. Халық саны 14 миллионға дейін азайды. Себебі, мынадай толқымалы кезең болды. Кейбіреулер жағдай қалай болады деп, Ресейге көшті. 600 мың адам, немістер Германияға көшті. Грекияға, Израильге көшті. Қазір халық саны қайтадан орнына келіп, 17 миллионнан астық. Бұл жағдай жасағандығымыздың арқасы. Оның ішінде 1 миллионнан артық қандасымызды сырттан алып келдік.

Сонымен қатар Қазақстанның ішкі ахуалын түзеп, балалардың көбеюіне жағдай жасадық. Жаңағы айтып отырғаның – қуанышты жайт. Мысалы, бір жылдың ішінде 265 мың бала мектептің бірінші класына барды. Бұл бір ғана Орал қаласының тұрғындарына тең. Қазақстан жыл сайын бір қалаға көбейіп отыратын болса, ол үлкен ғанибет!

Әрине, балалар көбейген сайын біз мектеп саламыз. Осы жылдар ішінде біз тарихымызда ешқашан болмаған 700 мектеп салыппыз. Өлі де үш ауысымдық мектептер бар. Ескірген, жөндейтін мектептер бар. Қазақта «Бір қозы туса, бір түп жусан артық өседі» деген сөз бар ғой, Әр баланың өз несібесі болады. Сол несібесіне байланысты Қазақстан өсіп-өркендейді, экономикасы, қаражаты көбейеді. Соған балабақшаны да, мектепті де салатын боламыз.

Виталий ПОПОВ, «СТВ» телекомпаниясы:

– Индустриялық-инновациялық бағдарламаның бірінші бесжылдығы аяқталды. Сіздіңше, осы бес жыл қаншалық сәтті әрі табысты болды? Ол Сіздің бір кезде ойға алғаныңыздай болып шықты ма?

– Тәуелсіздік алғаннан кейін біз индустрияландыру үдерісін іске асыруға тырысып, осы мәселеге бірнеше рет оралдық. Бірақ іске аспады. Қазіргі бағдарлама 2010 жылы басталды. Индустрияландыру – кез келген ел үшін күрделі мәселе. Кезінде

Оңтүстік Корея, Қытай және басқа елдер индустрияландыруды біз секілді бастаған еді. Бұған олардың кейбірі 30-40 жыл жұмсады. Өйткені өнеркәсіпті құру мәселесі уақытты қажет етеді.

Біз старт алдық: Қазақстанда алғашқы лекте 700-дей кәсіпорын мен 70 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын құрдық. Сондай-ақ мүлде жаңа 400 өнім түрін шығардық. Атап айтқанда, электровоз және тепловоз шығаратын зауыттар сәтті іске қосылды. Олардағы еңбек өнімділігі бір адамға 100 мың доллардан келеді. Ал елдегі бұл көрсеткіш 20-30 мың доллар. Сонымен қатар, бізде бұрын теміржолға арналған машина жасау саласы болған жоқ. Біз қазір жүк және жолаушы вагондарын, цистерналарды, рельстер мен бағыттауыш бұрмаларды өзіміз құрастырамыз. Осының бәрі тұтас бір кластер.

Біз автомобиль жолдарын көптеп салып жатырмыз, ал бұл іс битумды қажет етеді. Қазір Ақтау битум зауыты Қазақстанның жол жөндеушілерінің қажетін толық өтейді.

Биыл тек Шығыс Қазақстанның өзі 37 мың жеңіл автокөлік шығарады. «Тойота» компаниясы Қостанайда өз автомобильдерінің екінші маркасын шығаруға ниеттеніп отыр.

Индустрияландыру бағдарламасынсыз осының бәрі болмас еді. Енді бірінші бесжылдықты аяқтар кезде инновациялық бағдары бар екінші кезең әзірленді. Біз кәсіпорындарды басқа қағидат бойынша салатын боламыз. Бүгінде әлемнің жүзге жуық ірі компаниясы жобаларымызға қаражат салуға дайын.

Қазір әлемдегі ең басты мәселе – жұмыс орны. Планетада 7 миллиард адам тұрады. Соның үш миллиарды жұмыс істегенді қалайды. Бірақ 1,2 миллиардының ғана ондай мүмкіндігі бар. Қалғандары жақсы жұмыс күтіп отыр. Бұл жағдай әлеуметтік қақтығыстар мен көші-қон ағынын тудырады.

Ірі кәсіпорындар болашақта жұмыс орындарын қысқартатын болады. Роботтарды, инновацияларды, автоматтандыруды, құрастыру желілерін қолдану жұмыс көлемін азайтып, өнімділікті арттырады, шығыстарды кемітіп, еңбектің өзіндік құнын төмендетеді. Сонымен бірге шағын және орта бизнесте жұрттың бәрі үшін жұмыс орындары құрылады.

Индустриялық бағдарламаға балама жоқ. Қызмет көрсету саласы постиндустриялық дәуірдің бір бөлігі саналады. Бірақ оған әлі жету керек, ол үшін алдымен индустриялы ел болып алу керек.

Руслан СМЫКОВ, «Первый канал «Евразия» телеарнасы:

– Алматы 2020 жылғы қысқы Олимпиада ойындарын өткізу құқығын иеленуден үміткер екі қаланың бірі болып отыр. Ойындар таяған сайын біздің жеңісіміз де жақындай түспек. Бірақ сонымен қатар, оны өткізудің қиынсыздығы туралы прагматикалық мәселе де өткір әрі қаттырақ айтыла бастады. Президент мырза, қысқы Олимпиада Алматыға не үшін керек және ол бүкіл Қазақстанға болашақта не бере алады?

– Ондай күдік менде де бар. Бір жағынан, осындай ауқымды оқиға арқылы Алматы мен Қазақстанның аты бүкіл әлемге танылғанын қалайсың. Екінші жағынан, жұрт мұндай шығынның қажеті бар ма әлде жоқ па деп ойлайды. Мен бұл туралы көп ойландым. Бірнеше мәселені ескеру керек. Алматыда Олимпиадаға қажетті биік таудағы мұзайдын, шаңғымен секіруге арналған халықаралық кешен, шаңғы-биатлон кешені дайын. 2017 жылғы Универсиадаға арналып, мұз стадионы салынады. Халықаралық олимпиада комитеті (ХОК) олимпиаданы екі қалада өткізуге болады деген шешім қабылдады. Бұл орайда біз Астананы да қосамыз. Ірі нысандардан Олимпиада қалашығының құрылысын салу ғана қалады. Біз онсыз да Алматыда студенттерге арнап жатақхана салғалы отырмыз. Ең көп қаражатты қажет ететін нысан бобслей трассасы болмақшы. Әрине, қаланың инфрақұрылымын кеңейту, экологияны жақсарту үшін де қаржы жұмсауға тура келеді. Шығын шығады, бірақ біреулер айтып жүргендей, ол соншалық қисапсыз шығын болмайды. Бізге

шығындалуға тура келеді, алайда ол 30-50 миллиард долларға жете қоймайды. Бұл ретте ХОК бізге 1 миллиард долларға жуық қаражат беруге уәде етіп отыр.

Бұдан бөлек, егер біз Алматыны халықаралық қаржы орталығына айналдырамыз десек, қаланың ЕҚЫҰ саммиті мен қысқы Азиаданы өткізген кездегі Астана секілді танымал болғаны керек.

Олимпиада үшін жасағанымыздың бәрі кейіннен елде қалады және пайдаланылатын болады.

Оксана ПЕТЕРС, «Астана» телеарнасы:

– Қазіргі таңда дүние жүзіндегі бәсекелестік күшейіп келеді. Осы ретте, елімізде қай салаға айрықша сенім артуға болады және бәсекеге төтеп бере алатын артықшылығымыз қандай деп ойлайсыз?

– Біздің ерекшелігіміз Қазақстанның кен байлығы болып саналады. Ол – Қазақстанның мұнайы-газы, түсті және қара металдары, басқа минералдары. Екіншісі – біздің кен даламыз, астығымыз, малымыз. Қазір біз дүние жүзінде ұн, уран, хром экспорты жөнінен алдыңғы орындардамыз.

Мына индустриялық бағдарламаны, өңдеу өндірісін алға шығарып жатқанымыз неліктен? Сыртқа басқа да тұтынатын тауарлар шығару үшін. Ауыл шаруашылығына келсек, тек бидай мен ұнды ғана сатпай, одан шығатын нанды да, кеспені де жөндеп сатқанымыз дұрыс. Малды, етті жай ғана сатпай, неше түрлі шұжық, ет тағамдарын дайындаған жөн. Киім тігіп, өндірісте неше түрлі машина, құрылғылар жасауымыз керек.

Біз шығарған автомашиналар әлден-ақ әлемдік нарықтарда сатылып жатыр. Өзге елдерге тепло-воздар экспорттаймыз.

Қытай Халық Республикасымен келіссөздерде біз өңдеумен айналысатын 15-20 жаңа зауыт құрылысы туралы уағдаластық.

Мысалы, ірі мұнай-химия зауытын салу көмірсутектен полимерлік материалдар, дәрі-дәрмекке негіз болатын заттар алу дегенді білдіреді. Металды өңдеу ісі сапалы болат өндірісіне, кабельді өнімдер шығаруға дейін жетілдіріледі. Осының бәрі қосымша құнды арттырады. Өңделген өнімдер елдің табысын ұлғайтады.

Нұрсұлтан ҚҰРМАН, «Хабар» агенттігі:

– Сіздің Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту жөніндегі идеяңыз халықтың көңілінен шықты. Соған орай, дәл осы мерейтойдың бүгінгі мән-маңызына, мемлекетімізбен сабақтастығына тоқталып өтсеңіз.

– Біз аумалы-төкпелі кезеңде тәуелсіздік алып, қиын-қыстау сәттерден, дағдарыстардан өттік. Енді жағдайымыз түзелгеннен кейін тарихымызға, рухани жағымызға көңіл аударуымыз керек деп есептеймін. Сондықтан, хандықтың 550 жылдығы біз үшін өте қажет. Әсіресе жастарға керек.

Біз кеше ғана аспаннан салбырап түскен халық емеспіз. Біздің тарихымыз бар. Ол тарих бүкіл Қазақстанның жерінде сайрап жатыр. Мынау Жайықтың бойында, Ұлытаудың төңірегінде қаншама хандардың жерленген орындары бар. Түркістанда қаншама батыр бабаларымыз бен хандарымыз жатыр. Соның бәрінің тарихын біз дұрыстап оқымадық. Біздің тарихымыз Совет одағының тарихы деп келді. Енді ес жиып, осыған көңіл бөлетін кез жетті. Соны біз осы хандықтың 550 жылдығынан бастаймыз.

Әркім «Осындай иен дала бізге, қазақтарға қалай қалды?» деп ойлайтын шығар. Ат төбеліндей ғана елміз. Халқымыз көп емес. Сол сұраққа жауап беру үшін осы хандық тарихын еске алу керек.

Ұрпақтарымыз аяғынан нық тұруы үшін біздің артымызда бабалардан қалған ел болғанын, жұрт болғанын, хандық болғанын, олар осы жер үшін күрескенін, қан төккенін білуі керек.

Қазақтың қай түпкіріне барсаң да, тілінде ешқандай диалект жоқ. Өдет-ғұрпымызда айырмашылық жоқ. Қазақстанның барлық тарихы бірігуден, бірге болудан тұрады. Үш жүздің баласы жан-жақтан жиналып, әскер құрып, соғысқа шыққан кезде ешбір жау төтеп берген жоқ. Біз бөлініп-жарылған кезде ғана жау алды.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ЖЕТЕКШІ ТЕЛЕАРНАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН СҰХБАТЫ

Осыны еске сақтау керек. Алланың берген, ата-бабамыздың тілегімен келген Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін қазақтың өзінің ішіндегі алауыздықтан құтылу керек. Осы мемлекеттіліктен айрылу өмір-бақи күнә болып саналады. «Төртеу түгел болса, төбедегіні алады, алтау ала болса, ауыздағыдан айырылады» деген қазақтың сөзі бар.

Майя БЕКБАЕВА, «7 арна»:

– Президент мырза, осы кездесудің алдында мен өтіп бара жатқан жылдың маңызды деген оқиғаларын талдап шықтым. Ондай оқиға аз емес. Бұл – ең алдымен, ЕАЭО-ның құрылуы, сондай-ақ мемлекеттік басқару реформасы, сонымен қатар, Сіз айтқан жолдар мен халықаралық маңызы бар магистральдердің аса ауқымды құрылысы. Осы орайда бізді ел үшін және жеке өзіңіз үшін соның ең маңыздысы қайсысы екені қызықтырады.

– Өте күрделі сұрақ. Жыл аяқталар кезде қорытынды жасай бастайсың. Оқиғалардың көп болғаны сонша, олар өтіп бара жатқан жыл тарихына енгенмен, бәрі бірдей есте сақтала бермейді. Әрине, маңызды белестер болды. Нақ осы Астанада біз Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қойдық. Бұл 20 жыл бұрын ММУ-де айтылған менің идеям еді. Біреулер бұны тәуелсіздіктен айырылу, Кеңес Одағының қайтадан құрылуы деп жатты. Бәрі бос сөз. Біз одан баяғыда өтіп кеттік. Ол кездерді мүлде білмейтін жаңа буын өсіп-жетілді.

Кеден одағына мүше елдер арасындағы сауда алғашқы жылдары 40 пайызға дейін өссе, енді ол саябырси бастайды, өйткені бұл – бүкіләлемдік үрдіс. Соған қарамастан, бұл тек ақша мөлшеріне қатысты. Ал шын мәнісінде тауар айналымы мен бірлескен кәсіпорындардың құрылуы бәрібір жандана түседі.

Бірыңғай экономикалық кеңістік үш мемлекет есебінен кеңейе түсті. Шекаралар ашылды, халықтың, көліктің, жүктің еркін барыс-келісі қамтамасыз етілді. Экономикалық өсім қайта қалпына келеді және соның бәрі ортақ игілікке қызмет ететін болады.

Сондай-ақ биылғы жылдың оқиғаларының ішінен Еуропалық одақпен кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім жобасы жөніндегі ке-ліссөздердің аяқталғанын атап айтқым келеді. Біз онымен 8 жыл бойы ұзақ уақыт жұмыс жүргіздік. Сондықтан бұл – Қазақстан үшін елеулі жеңіс.

Біздің ел сонымен қатар Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі келіссөздерді аяқтап қалды. Бұл маңызды оқиға, өйткені біз осыған орай 15 жылдан астам уақыт жұмыс істедік. ДСҰ-ға мүше барлық 160 мемлекетпен келісім жүргіздік. Мен өзім кірісіп, АҚШ, Ресей, Үндістан, Еуроодақ елдері басшыларымен сөйлестім.

Бұдан бөлек, биылғы жыл «Нұрлы жол» бағдарламасының әзірленуімен есте қалды. Менің ойымша, инфрақұрылым мен тұрғын үй құрылысы Қазақстанның экономикасын дамытады. Сондықтан мен мұны өте маңызды жетістік деп санаймын.

– Ал Сіздің жеке өзіңіз үшін ең маңыздысы қандай оқиға, өз басыңыз үшін жаңа нәрсе таба алдыңыз ба?

– Биыл жазда мен бір апта демалдым. Сол кезде балалардың сурет салып, оларға бір әйелдің көмектесіп жатқанын көрдім. Қарап отырып, ойладым: неге маған да сурет салып көрмеске? Мен мұнымен баяғыда мектепте шұғылданған. Кейін Сарыағашта болғанымда сол жердің табиғатын салған едім. Бірақ оған аз уақыт кеткен жоқ. Кенепке сурет салу үш-төрт сағатқа созылды.

– Бұл ойды жинақтауға септігін тигізе ме әлде көңілді жайландырып, жан тыныштығын сыйлай ма?

– Жай ғана көңіліңді аулайды. Миыңды бөгде ойлардан арылту үшін медитация жасау керек дейді ғой. Үлкен теннис ойнағанда, сурет салғанда немесе ән салғанда сондай күйде боламын.

Тағы сондай бір кезді еске түсірсем, биыл мен Ақтөбеге барғанымда да қызықты жайт болды. Өзім аралап көруге кірген ауруханада Шамалған ауылындағы менің көршім – Дуся апай жатыр екен. Қасына отырып, екеуміз өткен-кеткенді еске түсіре бастадық. Мен үшін бұл бір қызық кездесу болды. Өткен кездер, балалық шақ, ата-анам туралы керемет естеліктер ойға оралды.

Жайнагүл ТӨЛЕМІСОВА, «Қазақстан» ұлттық арнасы:

– Тәуелсіздік күні қарсаңындағы сөйлеген сөзіңізді,

Тәуелсіздік толғамын оқып шығып, мынадай ой түйдік. Достық, елдік, бірлік туралы айтасыз. Бірақ соның ішінде бір ұғымды бөле-жара айтқым келеді. Ол – еңбек. «Тәуелсіздік дегеніміз – жалпыға ортақ еңбек» дейсіз. Тәуелсіздік хәм еңбек, екеуін бір-бірімен қалай ұштастыруға болады?

– Тәуелсіздік алу бар, оны сақтап қалу бар. Тәуелсіздікті алудан тәуелсіздікті сақтап қалу қиын. Тәуелсіздікті сақтап қалағын елдің мықты экономикасы, мықты қорғанысы, сауатты азаматтары болуы керек. Мықты экономика еңбексіз қалай болады? Елдің бәрі еңбектеніп, әрқайсысы өзі үшін, табыс табу үшін, отбасын асырау үшін, демалыс үшін еңбек етеді де, алдымен өзіне, сосын мемлекетке пайдасын тигізеді. Еңбекпен зауыттар, фабрикалар салынады, ғылым дамиды, кітаптар жазылады. Сондықтан тәуелсіздік пен еңбек екеуі сабақтас. Еңбек адамның өзін өсіреді. Еңбек адамның өзіне-өзін сенімді етеді. Еңбек адамға табыс береді, еңбек адамға дәреже береді, еңбек адамға лауазым береді. Арманына жеткізеді. Еңбексіз адам арманына жете алмайды. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық Аздырар адам баласын» деген Абайдың сөзі естеріңізде болса, еңбек пенен тәуелсіздік екеуі бірге жүреді. Сондықтан мен жастарға ең маңыздысы осы екенін айтып келемін. Адамның қандай мамандықты таңдағаны маңызды емес, оны кемелдікке жеткізуге, өз ісінің шеберіне, кәсіпқойына айналуға тиіс. Сонда оны жұрт сыйлайтын, бағалайтын болады. Өмірден ол өз орнын табады.

Білсеңіздер, соңғы уақытта мынадай әсер туындайтын болды: жастарға тезірек баю керек сияқты көрінеді. Бірақ оңай келген табыс адамнан дәл солай оңай кетеді. Осыны ешкім түсінбейді. Ал мамандығыңды, біліміңді ешкім ешқашан алып қоя алмайды.

Сосын бізде жұмысшы адамға қатысты қате түсінік бар. Заңгер, қаржыгерлерді тым көп даярладық, олар жұмыссыз жүр. Ал енді қазір бізге инженерлер, бағдарламашылар жетіспейді. Сонда индустрияландыру аясында құрылған 700 кәсіпорында кім жұмыс істейді?

Біз инженерлер даярлайтын он университетті тандап алдық. Мысалы, Тараздағы университет инженер-химиктер даярлауға тиіс, өйткені онда ірі химия кластері құрылып жатыр. Елдің шығысында инженер-автомобильшілер даярланады, онда автомашиналар шығарылуда. Сол өңірде металлургиялық де даярлаймыз.

Мәселен, электровоз жасайтын кейбір жұмысшылар қазір кез келген экономистен, қаржыгерден артық табыс табады. Кәсіби тәжірибеге ие білікті жұмысшы кез келген қаржыгерден жақсы өмір сүре алады. Соны жұрт әлі түсінбей жүр.

Дегенмен, қазақстандықтар техникалық білімнің маңыздылығын барған сайын түсініп келеді. Мен Атырауға барғанда «Теңізшевройл» компаниясы мамандар даярлайтын оқу орнын салып жатты. Оған Алматы мен Астананың университеттерінің түлектері оқуға келді. Онда бір жылдың ішінде кен орындары үшін инженерлер даярланып шығады. Бұрынғы заңгерлер, бухгалтерлер қайта даярлықтан өтіп, инженер мамандығын алады.

Мен жастарға ешқашан жұмысшы мамандығынан қашпауға кеңес беремін.

Аида БОРАНБАЙ, «31 арна»:

– Енді, рұқсат болса, жеке өзіңізге қатысты сұрақтар қойсақ. Сіз махаббат ұғымын қалай түсінесіз?

– Махаббат деген – өте үлкен, ауқымды ұғым. Махаббатсыз өмір сүру, әсіресе, шығарма тудыру деген мүмкін емес нәрсе.

Кейде мен 23 жылда қандай қиын кездерді бастан өткізгенімізді еске аламын. Кеңес Одағы күйреді, дүкен сөрелері босап қалды. Жалақы мен зейнетақы кешіктіріліп берілді. Үйден машинамен шыққанымда тура асфальт үстінде әжейлер отыратын. Әр жолы көліктен шығып, солармен жарты сағаттай әңгімелесетін едім. Ел ішінде мыңдаған сапар болып, мыңдаған митинг өтіп жатты. Өз Үкіметіміз, өз полициямыз, ішкі әскеріміз, армиямыз, мектептеріміз, Конституциямыз болған жоқ. Соның барлығын өзіміз жасап, өзге елдердің конституцияларын зерттеп, Қазақстанға лайық нұсқаларын таңдау керек болды.

Одан соң Оңтүстік-Шығыс Азияда дағдарыс болды. Біз қазір мұнайдың бағасы төмендігін айтып жатырмыз, 1998 жылы оның баррелі 10 доллар болатын.

Біз сол қиындықтың бәрін еңсердік, осындай қуатты елді құрдық. Соның барлығы менің жан-жүрегім арқылы өтті. Ең әуелі маған ата-анамнан берілген ішкі қуат, сосын, әрине, елге деген махаббат көмектесті.

– Президент мырза, кітапты көп оқу керек деп, оның

маңыздылығын айтып өткен едіңіз. Соңғы кездері қандай жазушылардың туындысын оқыдыңыз? Қайсысы Сізге ұнады?

– Біздің бала кезімізде ауыл мектебінде кітап аз болды. Біз кішкентай кітапханадағы барлық кітапты оқып шықтық. Қазір кітап деген көп, қайсысын таңдап оқырыңды білмейсің. Негізінен, мен дүниедегі қазіргі жағдай мен экономика жөніндегі экономика мамандарының кітаптарын жібермей оқимын.

Жак Аттали деген мен танитын француз жазушысының болашақта не болатыны туралы «Болашақтың қысқаша тарихы» деген кітабын оқып шықтым. Өзі экономист, Еуропа қайта құру және даму банкінің бұрынғы президенті. Онда 25, 30, 50 жылдан соң не болатыны туралы жазылған.

Қазіргі уақытта ғылым мен білімнің өркендегені сонша, өмірдің өзі басқаша болады. Сондай жайттарды мен біліп отыруым керек қой. Сондықтан кітапты көп оқимын. Одан кейін басқа елдердің бұрынғы президенттерінің биографиясына көбірек үңілемін. Себебі, соның ішінен бізге керекті нәрселерді алуға болады.

Кейде мен Голльдің, Черчилльдің өмірбаяны, Ататүріктің істері, Түркияның құрылған кезеңі, Сингапурда Ли Куан Юдың қалай мемлекет құрғаны жөніндегі кітаптарға қайта оралып отырамын.

Жақында бір кездескен кезде Әбдіжәміл Нұрпейісов айтқан Смағұл Елубаевтың кітабын оқыдым. Оның өзінің «Соңғы парыз» деген кітабы бар, оны да оқып шықтым. Меніңше, өте жақсы роман. Кітап оқу керек, соны әсіресе балалар түсінсе екен деймін.

Мен қазақстандықтарға, әсіресе жастарға тағы та айтамын: кітап оқыңыздар! Бүгінде ұлттың бәсекеге қабілеттілігі оның білім деңгейіне байланысты. Кітап адамды жан-жақты дамытады, ой-өресін кеңейтеді.

Ярослав КРАСИЕНКО, «КТК» телеарнасы:

– Еңбек және оған өзінді арнау туралы сұраққа оралғым келіп отыр. Мен Сіздің биылғы еңбек күндеріңізді шолып шықтым. Сөйтіп, Сіз бәлкім тіпті ойланып та көрмеген қызықты статистикаға кезіктім. Сіз биыл әріптестеріңізбен 40-тан астам кездесу өткізіп үлгерісіз. Әртүрлі сапарлар, әуе жолымен ұшу сапарлары арқылы Сіз 120 мың шақырым – үш экватордың ұзындығымен бірдей болатын жол жүріп шығыпсыз. Егер әуе жолы арқылы ұшқан уақытыңызды есептесек, Сіз аспанда тура бір апта уақыт өткізісіз. Мұндай тығыз кесте бойынша жұмыс істеуге қалай шамаңыз жетеді?

– Президенттің жұмысы өзінді оған толық арнауды талап етеді. Сондықтан денсаулығында барын салып жұмыс істеуге кедергі болатын кінәраты бар адам қызмет орнын босатуға тиіс. Өйткені бұл – мемлекет үшін зиян. Ең алдымен, өздеріңіз түсініп отырғандай, ата-ананнан берілген мықты денсаулығың болуы керек. Ата-анам маған текпен берілген мықты денсаулық сыйлады. Мен тауда өстім, бала кезімнен көп жүгіретінмін. Бәлкім, сол мені шынықтырған болар. Уақыт өте келе спортқа құмартым және өз өмірімді онсыз елестете алмаймын.

Спорттың түрінен жақсы көретіндерім — тау шаңғысы, үлкен теннис, гольф, атқа міну. Қазір спорттың бұл түрлеріне құмар адамдар барған сайын көбейіп келеді. Оларға өзім үлгі көрсетіп, қызықтыра алғаным үшін қуанамын. Жалпы, жастардың спортқа ұмтылысы болғаны жақсы, бұл әдет адам бойында өмір бойы қалып қояды. Өзінді әрдайым бабында ұстау керек. Мен шаруаға бейім қарапайым отбасынан шығып, кейін металлург болған жігітпін. Мені осы жағдай тәрбиелеп, шынықтырды.

Майя БЕКБАЕВА, «7 арна»:

– Жұмыс кестеніңіздің тығыздығына қарамастан уақыт тапқаныңыз үшін барша әріптестеріңіздің атынан Сізге алғыс айтқым келеді. Сізді келе жатқан Жаңа жылмен құттықтаймын. Мықты денсаулық тілеймін.

– Рахмет Сізге. Жаңа жыл жақындап қалды. Бұл мерекеге байланысты балалар да, ересектер де әрдайым жақсылық, игілік күтетін болғандықтан бәрінің көңіл-күйі жарқын. Егер әр атқан таңмен бірге бүгін бір жақсылық болады деп ойлап оянсаң, міндетті түрде орындалады деп жатады. Барша жұртты Жаңа жылмен құттықтауға менің мүмкіндігім бар, ал сіздердің бәріңізге зор табыс тілеймін!



ТЫНЫМСЫЗ ЖАНДАРДЫҢ ТЫНЫС-ТІРІШІЛІГІ

Ақ халатты абзал жандардың еңбегі зор екені, халыққа аянбай еңбек етіп, алдына жанын шүберекке түйіп келген жанды жылы шыраймен қарсы алып, оларға жедел көмек беріп, қолынан келгенін аянбайтыны баршамызға аян. Мен таяуда науқастанып, аудандық емханаға түстім. Сол жерде жақсы аомдирмен танысып, әңгімесіліп, ой бөлістім. Солардың бірі - Токтар МАҚТАҒАНОВ ақсақал. Ол кісі Қазақстан Республикасы халық азарту ісінің үздігі. Сонымен қатар ұзақ жылдар бойы білікті ұстаз болып, мектепте қазақ тілі мен әдебиет пәнінен балаларға білім беріп, бірталай

жас түлектерге жол көрсетіп, жақсы тәлім берген. Содан соң бірнеше жыл мектепке басшылық етіп, өз ортасында сыйлы болып үлгі-өнеге көрсете білген. Ағай 1968-69 жылдары «Операция Дунай» - Чехословакиядағы көтеріліске қатысушы. Ветеран. Қазіргі таңда зейнетке шыққан, өсірген ұл-қыздарының қызығын көріп жатқан бақытты жан. Т.Мақтағановпен сөйлескенімде сол аудандық аурухананың қызметкері, білікті маман иесі Әлима Қарашқызы жайлы ой толғап, мақала жазып берді. Мен Токтар ағайдың «Тынымсыз жандардың тыныс-тіршілігі» атты мақаласын оқырман назарына ұсынып отырмын.

Әнет ЖҰМАБЕК

Осынау бір аққұбалау келген, дидарынан мейірім шапағаты төгіліп тұратын, нәркес көзді, талдырмаш денелі ақ халатты абзал жан болмыс бітімімен де, іс-әрекетімен де өзінді еріксіз елең еткізеді. Ұлы аталарымыз айтқандай: «Адам баласын жасағанда нем, жаратқан түр келбетті, адам жүрегінің айнасы» дегендей осындай қарындасымыздың сойлеген сөзінен білімділік, қарым-қатынасынан жаңға жайлы жылылықты сезініп отырасың. Міне, біздің кейіпкерімізге айналғалы отырған Жүсіпбекова Әлима Қарашқызы қандай да бір жақсы лебіз айтуға лайықты жан. Сонау бір аласапыран заманда баз кешкен Қараш ағамыздың ұрпағы. Жақсының тұяғы, асылдың сынығы. Бұл абыз қария жөнінде облыстық, республикалық деңгейде үн көтеріп жүрген қаламгерлер болғандықтан, мен өз мақаламда ол кісі жөніндегі пікірлерімді кейінге қалдырып отырмын.

Иә, осы адам баласының өмір табалдырығын аттағанынан бастап, жалған дүниенің көш керуеніне ілесіп, қалыптасуына ата-ананың да үлесі зор. Ал бала - ата-ананың өмірінің жалғасы, көз қуанышы. Әр жас ұрпақтың бойынан ата-анасының қилы-кезеңдегі тағдырын көруге болады деген сөздің астарында философиялық ой жатқаны айтпаса да түсінікті. Сол текті екенің тәлімді тәрбиесінен нәр алған Әлиманың әке аманатын орындағанының талай мәрте куәсі болдық.

Әлима бала күнінен дәрігер болуды армандады. Ата-анасы да перзентінің дәрігер мамандығын қалауына қарсы болмай, ақ батасын беріп, шығарып салды. Әке аманатын арқалаған жас

қыз жолы болып, Елордадағы медициналық академияның студенті атанды.

Діттеген мақсатыма жетем, адам жанының арашасы боламын деген Әлима ойлаған мақсатына жетіп қана қоймай, медициналық академияны қызыл дипломмен аяқтап, терапевт (ішкі ағза маманы) мамандығын алып шықты. Бұл 2003 жылдың көктемі еді.

Алғашқы еңбек жолын туған жері Аманкелдіден бастап, 2004 жылы тағы да бір жыл оқып келіп, өз жұмысын қайта жалғастырды.

Әлима Қарашқызы - қазіргі таңда білікті де білімді маман. Өзі ісіне жауапкершілікпен қарайтын ақ халатты абзал жандардың басқа маман иелерімен салыстыруға келмейтін өзіндік ерекшеліктері де бар. Мүмкін, ұстаз өз жұмысын ішкі мүмкіншілікке қарай ауыстыруға болар. Ал дәрігер жұмысы оған көнбейтініне көз жеткіздім. Бір минут кешігу адам өміріне қаншалықты қасірет әкелетінін білетін дәрігер уақытпен есептеспей жұмыс атқаратынын біреу білсе, біреу білмес.

Осынау бір абзал жандардың бір күндік тыныс-тіршілігіне көз жүгіртіп көрейік.

2014 жылдың 18 қазаны. Аурухана палатасында қарбалас. Түнгі сағат 3:00де инсультпен түскен қарияға алғашқы медициналық көмек көрсету, инсульт - ең қауіпті дерт екенін бәрімізде білеміз. Қан айналымының кенеттен бұзылуы. Бас, ми, қан тамырларының бітелуі немесе үзілуі. Міне осындай қиын кезеңде дәрігерлер тек ауруханада болады. Сағат 4:00де Ә.Боранбаев атындағы орта мектептің оқушысына шұғыл түрде ота жасалынды.

Б.Кенжебеков бастаған оташылар, аға мейірбике осы түнді науқаспен арпалыста өткізгеннің куәсі болдым. Сағат 17:15-те және 20:00-де астан уланған 2 азаматқа жедел түрде жәрдем көрсетіліп көмек берілді.

19.11.2014 жыл. Жаңауыл орта мектебінен келген оқушыға ота жасалынды. Инсультпен түскен анамызға алғашқы медициналық көмек және де жан сақтау палатасында жатқан науқастың жайын сұрап, мейірбикелерге үнемі ақыл кеңесін беріп, қадағалауға алып отырған Әлима Қарашқызының тынымсыз еңбегінің еш кетпесіне кәміл сеніммен қарауына тура келеді. Әрине, басқа да ауыр науқастарды жіпке тізіп жазуды жөн көрмедім.

Ия, жұмыс соңына таман қолы қалт еткенде Әлима Қарашқызын сөзге тартып:

- Қазіргі таңда медицина жақсы даму үстінде. Небір аппараттар да бар. Сіздерге де науқасқа дұрыс диагноз қоюға септігі мол шығар деген сауалымызға:

- Рас, медицинаның дамуы осыдан он жылғымен салыстыруға болмайды. Медициналық аппарат қанша мықты болса да, оның тілін білмейтін маман болмаса пайдасы да шамалы. Әсіресе, неврология бағытында түскен науқастарға күмәнді диагноз болса, оның суретін галактор арқылы облыстық мамандарға жіберіп, онлайн тәртібінде өзара ақылдасып жұмыс жасаймыз. Бұл салада көбіне невролог мамандардан кеңес алуымызға тура келеді. Себебі, бұл саланың мамандары бізде жоқ. Ал өзіміз болсақ науқастарды жарқын көңілмен қарсы алып, нақты диагноз қоюды басты мақсат етеміз,- дейді дәрігер Әлима Қарашқызы.

Бүгінде ауданымызға келген жас мамандарға қамқорлық жасалып жатқанын көріп те жүрміз, білеміз де. Өздерін жұмыспен қамту, жылы да жайлы пәтер беру, көші-қонға байланысты бір жолғы жәрдемақы, жанұяларын жұмыспен қамту - бәрі де басшылар тарапынан жасалынып отыр. Дәй тұрғанмен, өз жағдайларын түзеп алған соң, аяқты сыртқа салып, жылы да жайлы жерге орналасу қазіргі күннің «олар үшін» басты мәселесі болып отыр. Сондықтан өзіміздің жергілікті мамандарды мүмкіншілігіне қарай оқытып алмай, кадр мәселесі басты нысан болары айғақ. Ия, мен дәрігерлердің бір күндік тынысы мен тіршілігіне және емдеуші дәрігер Қарашқызы Әлиманың емханадағы көзін көрген екі күндік тынысы мен тіршілігіне тоқталып отырмын. Мүмкін, мен білмейтін дәрігерлік жұмыстың қыры да, сыры да мол шығар. Дегенмен көзі көрген осынау бір қиын жұмыстың сырын халық тіліне жақын көркем сөзбен баяндауды жөн көрдім. Қалай болғанда да Әлима Қарашқызы қандай да атаққа ұсынуға лайықты, ұялтпайтын ақ халатты абзал жан екеніне толық сенімде екенін ел тұрғындарының көпшілігі айтты та жұрт. Ия, Әлиманың аяқ алысы құтты. Халық оны жақсы көреді. Әсіресе үлкен кісілер. Әлиманың дәрігерлік қасиетін ел жақсы біледі, - дейді Токтар ағай Мақтағанов.

Ал біздің Токтар ағайдың айтқан сөзіне қосарымыз жоқ. Біз де саған ел алғысына бөлене бер, Әлима! демекпіз

Әңгімені жазып алған
Ә.БЕГІМБЕТ

шы- жұмысыңа үнемі қамқор болып отырады. Жеке меншік көлігін мініп, жиын тойымыздан да қалмаймыз. Жастайынан қиындықты бастан өткеріп өскен жігіт қой. Байшыкештердің бәрі ол сияқты кісіақысын жемей, көмек көрсетсе ауылдағы мамандығы, жұмысы жоқтар жағдайы да жақсарар еді. Әкесі марқұм Сайлау да ақкөңіл, еңбекқор жігіт еді. Кемер ауылы желкесіндегі қалың құм ортасындағы көкжелекті су құйып өсірген сол еді, - дейді механизатор Нұрғазыл Төкен.

- Сағадат бастап, басқалары қостаған жастарымыз ауыл өміріне жаңалықты жақсы өзгеріс әкеліп отыр. Олардың әрбір игілікті қадамын қолдап, үнемі қамқорлық жасау керек. Кешегі Нұржанов басқарған заманда бұрынғы Торғай облысының алды болған едік. Кейіннен дамудың соңында қалдық, бұйығы тіршілігімізді бұза жарып жастарымыз жақсы істерге мұрындық болуда. Ауыл жастары ғана емес бүкіл қарасулықтар Сағадаттың жаңалықты істерін қостап қана қоймай үлгі - өнеге алуы керек. Биылғы күзде шабындық жерді молайту мақсатында бұрынғы бөгет арнасын жаңғыртуы, оған қаражат бөліп, болашақ үшін жұмыс істеуі оның азаматтығын көрсетеді. Бір күнді пайдалансын ойламай, алдағысын ойлайтынын көрсетеді,- дейді ауыл ақсакалы, күйші-сазгер, Қазақстан Республикасы еңбек сіңірген қызметкер Айтбай Мұздаханов.

Сағадаттың аз ғана жылдағы қол жеткен табыстары «Қазақстан» телеарнасы арқылы республикаға таратылды. Жас жігіт үнемі ой үстінде, оны мазалаған ой - өзі сияқты жастарға Елбасы жасап отырған әкелік қамқорлық, сенім үдесінен шығу.

С.ШОҢҒАЛОВ,
зейнеткер,
Қарасу ауылы.

Аудан жаңалықтары

АУДАНДЫҚ «АБАЙ ОҚУЫ» БАЙҚАУЫ



Жақында Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің базасында оқушылардың дәстүрлі аудандық «Абай оқуы - 2014» байқауы өткізілді. Байқауға білім бөліміне қарасты барлық мектеп оқушылары қатысты. Дәстүрлі байқау «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім әнді ұғады», «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациялары бойынша оқушылар бақ сынасты. Қатысушылар Абай өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқып, Абай әндерін шебер орындап, өз шығармашылықтарын көрерменге ұсынды.

Байқауға қазылық еткендер «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясында Жаңауыл орта мектебінің ұстазы, ақын С.Жұмабеков, Жасбуын орта мектебінің ұстазы Ж.Шоңғалова, Б.Қолдасбаев орта мектебінің ұстазы А.Амантаевалар болды. Ал «Көңілім әнді ұғады» номинациясында саз мектебінің ұстаздары А.Оспанова, А.Қабидоллина, сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің ұстазы Б.Құлмағанбетовалар бағалады. Аталмыш «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясында «Аманкелді арайы» газетінің тілшісі Ә.Мұратбекұлы, Аманкелді орта мектебінің ұстазы С.Сәбитбекқызы, Крупская негізгі мектебінің ұстазы С.Серікқұлдары болды.

Байқау нәтижесі бойынша «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» сайысында Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің 8-ші сынып оқушысы Г.Берденова 1-ші орынды алды. 2-ші орынды Жасбуын орта мектебінен келген Н.Сағымбаев, 3-ші орынды Крупская негізгі мектебінен келген А.Арғынбаева мен Аманкелді орта мектебінің оқушысы Н.Жуанышовалар иеленді. «Көңілім әнді ұғады» сайысында 1-ші орынды - Аманкелді орта мектебінің оқушысы А.Қабсалықова, 2-ші орынды - Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің оқушысы Е.Қабдыхамитов, 3-ші орынды Құмкешу орта мектебінен келген Л.Тұрсын және Жаңауыл орта мектебінен келген А.Ақырзалар болды.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» сайысында 1-ші орынды Н.Мейірманов орта мектебінің оқушысы жас ақын Е.Айтбаев, 2-ші орынды Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің оқушысы Ұ.Қабдрахим, 3-ші орынды Жасбуын орта мектебінің кішкентай қаламгері А.Досымханова және Аманкелді орта мектебінің оқушысы Г.Есетовалар алды. Айта кету керек, жүлделі 1-ші орынды алған оқушылар көктем айында өтетін облыстық байқауға жолдама алды. Аудан намысын қорғайтын өнерлі оқушыларымызға сәттілік тілейміз!

КӨРШІ АУДАН АРДАГЕРЛЕРІНІҢ КОНЦЕРТІ



Жуырда Қ.Әбенев атындағы аудандық мәдениет үйінде көршілес Жанкелдин ауданының ардагерлері әзірлеген мерекелік концерттік бағдарламасы қойылды. Концерттің шымылдығын Жанкелдин аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қарсақбай Бірмағанбетов Ахмет Байтұрсынұлының «Қарғалы» әнімен ашты. Ауыз жұртына арналған бұл концерттік бағдарламада «Торғай қызы», «Кен далам», халық әні «Ғазизұл», өзбек әні «Мәхрибанум», «Бәрінен де сен сұлу» атты әндерден шашу шашылып, Айтжановтар отбасының қызықты «Жұмбақ айтысы» тамашаланды.

Содан соң «Үкілі қыз», «Тәуелсіздік - алтын арай ақ таңы», «Тобылғы сайы», «Құстар қайтып барады», «Арыс жағасында», «Жұбайлар жыры» атты әндер шырылып, «Көктем» және «Өзбек» билері көрермендердің көңілінен шықты. Аталмыш «Аналар» ансамблі «Орамалы» әнін нақышына келтіріп шырқады. Концерттік бағдарламаны Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін хормен айтып аяқтады. Көршілес Жанкелдин ауданының ата-әжелерінің дайындаған мерекелік ән концертінде шапалақтар жиі-жиі соғылып, әсерлі өтті.

Суретте: ерлі-зайыпты Әбдір-Сақыпжамал Айтжановтар.

ТАРТЫМДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕШ

Таяуда «Балдырған» балабақшасында «Ата-аналармен өзара қарым-қатынас» атты ата-аналарға арналған психологиялық кеш өткізілді. Бұл кеште алғашқы болып сөз кезегін ұжым басшысы Д.Мақтағанова сөйледі.

Содан соң бала тәрбиесі мен психологиясы жайлы балабақша психологі Т.Баймолдина баяндама жасап, қызықты ойындар мен тренингтар жүргізді. Арнайы жүргізілген тренингтер арқылы отбасы тәрбиесінде ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыра отырып, оның ерекшеліктері нақты көрсетілді.

Әнет МҰРАТБЕКҰЛЫ,
«Аманкелді арайы» газетінің өз тілшісі.
Суреттерді түсірген автор.

Кәсіпкерлікке - кең өріс

МАҚСАТЫ - СЕНІМ ҮДЕСІНЕН ШЫГУ

Белгілі айттыскер ақын С.Есенбаев есімімен аталатын шағын ауыл тұрғындары Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауын оқығаннан кейінгі қуаныштарында шек болмады. Арқалық-Торғай күре жолы іргесінде жатқан ауылдың қуанар жөні бар. Қаржы тапшылығынан салынып жатқан жол келер жылы да жетпей қауіп бар еді, енді бөлінген қыруар қаржы жол құрылысын тездеткелі отыр. Біреулер Қарасу ауылына, енді біреулер аудан орталығына жетіп жығылады деседі, не десе де Сәт ауылын басып өтері аңсады.

Кезінде отарлап қой, табындап сныр өсірген ауылдың кеңшар тарағаннан кейінгі кезеңдегі тұрмысы шатақпақтап, ел кете бастағаны рас еді. Бастауыш мектеп жабылуы оқу жасындағы баласы барлардың өзге жатқан қоныс іздеуіне мәжбүр еткен. Кейінгі жылдарда, әсіресе, қаладан жас кәсіпкер Сағадат Дәуғарин көшіп келіп, шаруа қожалығын құрғаннан кейін ауыл өмірі басқаша сипат ала бастады. Ауыл жастары үй, қора құрылысына тартылып, жұмыс орны пайда болды. Түрлі бағдарламалар бойынша алған несиеден ірі қара, қой, жылқы сатып алған Сағадат мал өнімі молшылығын жасаудың басты кілті - малды асыл тұқымдандыру екенін түсіне білді. Өткен жылы бір, биылғы жылы 2 Әулиеқол асыл тұқымды бұқасын С.Жанбыршинов шаруашылығынан сатып әкелді. Лизингке «Белорусь» тракторын сатып алып, мал азығын дайындап, артығын ауыл тұрғындарына арзан бағаммен өткізді. Су жаңа трактордың қызығын Қарасу ауылы тұрғындары да көрді. Қыстағы борандарда бірнеше күн жол ашылмай, техника күре

жолға шыға алмай жатқанда Сағадаттың тракторы көмекке келіп, қиындықтан құтқарған. Көктемде өзен жағасында тұратындарға үйлері жанынан көкөніс, картоп өсіруге арналған жерлерін жырғып, өңдеп берді. Биылғы Наурыз тойы Қарасуда бұрын болып көрмеген ерекше жағдайда өтті. Оны ұйымдастырған да Сағадат және оның жігіттері болды. Шағын ауыл тұрғындары киіз үй тігіп, ұлттық тағамдар дайындап, спорт жарысын ұйымдастырып, салттымыздан көріністер көрсетті. Жеңімпаздарға тоқты, туша, ақшалай сыйлықтар беріліп, балуандар белдесті, апайтос жігіттер ауыр кір тасын көтеріп жарысқа түсті. Айтбаттың пісірген қәуабының тәттілігі әлі күнге ел аузынан түспей келеді. «Нұр Отан» партиясының мүшесі, жалынды жас жігіттің ел ықыласына бөленуі өзінің тынымсыз еңбегінің арқасы болса керек...

Сағадаттың әкесі Сайлау марқұм дүниеден ерте өтіп кетті де бар ауыртпалық жолдасы Жұмабекке қалды. Балаларын жеткізу мақсатында бос шөлмек жыүп өткізді. Танның атсынан күннің батысына дейін бел шешпей еңбек етті. Шешесінің қиналып жүргенін түсінген балалары да еңбекке ерте араласып, әртүрлі іспен айналысты. Біреуі көп орынды «Уаз» машинасымен Башқұртстан, Ресейге көмектендіріп жүгімен апарып табыс тапса, екіншісі саудамен айналысты. Ағайынды 3 жігіт аз ғана уақыт ішінде Арқалық қаласынан бірнеше үй алып, шаруашылықтарын дөңгелетіп әкетті. Өткен жылы Сағадат өзі туып-өскен ауылына келіп, ағайын-туыстың басын қосып, батасын алып, шабындық, жайылымдық жер алып, ша-

руа қожалығын ашқан. Мал өсірумен айналысып қоймай, ауылдың мәдени-көпшілік жұмыстарын да атқарып келеді. Шағын ауыл тұрғындары қазір соғым етіне шақырып, күнге бір үйде бас қосады. Осындай отырыстарда әр түрлі тақырыптарда әңгіме қозғалады. Қазіргі әңгіме арқауы - Президент Жолдауы. Қарапайым халықтың әлауқатын арттыруға, өмір сапасын жақсартуға бөлінген қыруар қаржыға ризашылықтарын білдіреді. Ұлттар мен ұлыстар достығы, ел бірлігі, «Мәңгілік ел» идеясы - Президенттің саяси көрегендігі деседі. Әсіресе, ел болашағы - жастарға жасалынып отырған қамқорлықта шек жоқтығына риза болады. Соған орай ауыл жастары да лайықты жауап беруде.

- Өткен жылы бір мал қорасын салсам, алдағы жылы да бір қора салмақпын. Жаңадан тағы бір «Беларусь» тракторын шалғысымен алуды жоспарлап отырмын. Мал басын өсіріп, жаңа жұмыс орынын ашамын,- дейді Сағадаттың өзі.

- Кеңшар тарап, ауылды жұмыссыздық жайлағанда әртүрлі кәсіппен айналыстым. Байшыкештердің малын бағып, малына жем-шөп дайындап, трактор да айдадым. Соның бәрі де жұмысын істетіп алып, жалақы төлеуде қиналып, «Ұзын арқау - кең тұсауға» салып, кейбірі көк тиын тартырмай «лақтырып» кететін. Биылғы жылы Сағадаттың жаңа тракторымен мал азығын дайындадым. Әр айдың аяғында жалақымыз байбөшемнің қолына әкеліп береді. Науқан аяғында қолдағы малыма қажетті шөпті тегін берді. Қаз, үйрегіме қаптап жем беріп, шаруашылығымға көмектеседі. Жалғыз мен емес барлық мал-

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙМІЗ

Сыбайлас жемқорлық - қоғамды ірітіп-шірітетін ең зиянды әрекет. Сондықтан да, Елбасымыз - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев жемқорлықпен күресті күшейту жөнінде арнайы Заң қабылдағаны белгілі. Бұл Заң бізден - мемлекеттік қызметкерлерден үлкен жауапкершілікті, жанашырлықты талап етеді. Жемқорлықпен күресте барлық мемлекеттік қызметкерлер белсенділік таныту керек. Сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шаппай - еліміз өркендемейді. Халқымыз «Жемқорлық - індет, онымен күресу - міндет» деп бекер айтпаған.

Әсіресе, мемлекет мүлкіне, қаржысына сыбайлас жемқорлық жасау - үлкен күнә. Ондай адамдарға әрдайым тұсау салып отыру керек. Ол үшін мекемелерді жиі тексеріп, бақылап отырғанның пайдасы мол.

Біздің Амантоғай ауылдық округінде сыбайлас жемқорлықпен күрес жақсы жолға қойылған. Округ ұжымы тұрғындар арасын-



да жемқорлықпен қалай күресу керектігі жөнінде дәрістер оқып, әңгімелер өткізеді. Жемқорлықтың зияны туралы нақты фактілермен сұхбаттар жасайды. Қысқасы, жұртты сыбайлас жемқорлықпен белсенді күресуге жұмылдырып, одан әрқашан сақтануды түсіндіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін халықтың да белсенділігі керек. Жемқорлықпен айналысатын кісілерді сезсе, тұрғындар бізге және тиісті заң орындарына хабарлап отырса, жұмыс

алға басады. Елбасымыз өзінің биылғы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Жолдауында да сыбайлас жемқорлықпен күресті батыл жүргізуді алға қойды. Демек, біздің мемлекетіміздің ұстанған саясаты - жемқорлықтың алдын алу, оған жол бермеу. Жемқорларды жазалағаннан гөрі, олардың алдын алып, тәртіпке шақыру, жаман жолдан жақсы жолға түсіру. Жазалау оңай, тәрбиелеу қиын. Сондықтан да, біз жұртымызды жемқорлықтан жирендіруге тәрбиелеуіміз керек. Жемқорлықтың зиянын түсіндірсек, адамдар ондай сыбайлас жемқорлыққа бармайды. Негізінде жемқорларды жазалағаннан гөрі жемқорлыққа жол бермеу - басты міндет. Әрбір азамат осыны есте ұстап, іс-қимыл жасаса, жемқорлыққа жол берілмейді. Біздің мақсатымыз - қандай да болмасын жемқорлыққа жол бермеу, адамдарды ешқандай да жемқорлық жолға түсірмеу. Халық болып жұмылсақ, бұл жұмыс жүзеге асады.

Ж.ИЛЬСОВ,

Амантоғай ауылдық округінің әкімі.

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы № 257-V Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне (Салық кодексі) арнаулы салық режимдерін (бұдан әрі – АСР), қолдану бөлігінде енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты келесіні назарларыңызға жеткізеді.

Патент негізіндегі шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі бойынша

2015 жылдан бастап қағаз жеткізгіште патент беруге қатысты норма жойылды (431-баптың 2-тармағы).

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР бойынша Салық кодексінің 439-бабы Занына сәйкес шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР қолдану үшін шектеу қарастырылған жаңа тармақпен толықтырылды.

Осылайша, 2015 жылдан бастап аталған салық режимін шаруа немесе фермер қожалықтары бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келген кезде:

1) жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жиынтық

алаңы мыналар үшін:

Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары үшін - 3 500 га;

Атырау, Маңғыстау облыстары үшін - 1 500 га;

Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары үшін - 500 га, топырақ-климаттық аймақтардағы шөлді және тау бөктеріндегі шөлді-далалық жерлерінде орналасқан аудандарда (Бетпақ Дала, Балқаш көлі маңындағы құмдар) 1500 га болып белгіленген жер учаскесінің шекті алаңынан аспаса;

2) осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет түрлерін ғана жүзеге асырса;

3) қосылған құн салығының төлеушілері болып табылмаса, 2015 жылдан бастап осы арнаулы салық режимін қолдануға құқылы.

Осыған байланысты, бөлек есепке алуды жүргізу туралы бірыңғай жер салығын (бұдан әрі – БЖС) төлеушілерге арналған ережелер алынып тасталды. Заңмен Салық кодексінің 442, 446, 447, 493, 496, 498–бабыларына өзгерістер енгізілген, бұл өзгерістерге сәйкес қоршаған ортаға БЖС төлеушілер эмиссия үшін төлемақы төлеуден босатылған.

Осыған орай, 2015 жылдан бастап БЖС мөлшерлемелері ұлғайтылды (444-бабы):

Рет №	Жер учаскелерінің алаңы (гектар)	Салық мөлшерлемесі
1	2	3
1.	500-ге дейін	0,15 %
2.	501-ден 1000-ға дейін қоса алғанда	500 гектардан бағалау құнының 0,15 % + 500 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,3 %
3.	1001-ден 1500-ге дейін қоса алғанда	1000 гектардан бағалау құнының 0,3 % + 1000 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,45 %
4.	1501-ден 3000-ға дейін қоса алғанда	1500 гектардан бағалау құнының 0,45 % + 1500 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,6 %
5.	3000-нан жоғары	3000 гектардан бағалау құнының 0,6 % + 3000 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,75 %

Одан басқа, жайылымдар, табиғи шабындықтар және арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын басқа да жер учаскелері бойынша бірыңғай жер салығын есептеу жер учаскелерінің жиынтық бағалау құнына 0,2% мөлшерлемесін қолдану арқылы қолданылатын болады.

Бұл ретте, Салық кодексінің 439-бабы 3-тармағына Қазақстан Республикасының аумағында жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде шаруа немесе фермер қожалықтарына арнаулы салық режимін қолдану құқығы берілетінін қарастыратын нақтылаулар енгізілді.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану үшін жергілікті өкілді органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде он еседен асырмай жоғарылату құқығы берілді (444-бап).

Ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін АСР (бұдан әрі – АШПТӨ ЗТ арналған АСР)

Салық кодексінің 448-бабына толықтырулар енгізілген, осы толықтыруларға сәйкес жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде, салық төлеушіге осы АСР қолдану құқығы берілетін болады. Бұл ретте, осы талап омарта шаруашылығының өнімін өндіру, сондай-ақ өз өндірісінің көрсетілген өнімін қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды.

Мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы (оның ішінде, асыл тұқымды) өнімін өндіретін заңды тұлғалардың режимін қолдану шарттарынан толық тізбекті (төлді өсіруден бастап) өндірісті жүзеге асырудың қажеттілігі туралы нақтылаушы ережелер алып тасталды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану үшін осы жерлерге жер салығының мөлшерлемелері ұлғайтылған, ал жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жергілікті өкілді органдардың Қазақстан Республикасының жер салығының мөлшерлемелерін жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде он еседен асырмай жоғарылату құқығы берілді (444-баптың 1-1 тармағы).

Алайда, енгізілген өзгерістерге сәйкес 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап АШПТӨ ЗТ арналған АСР жер салығы мен жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы қолданылмайды (448-бабы 2-тармағы үшінші бөлімінің 1) және 2) тармақшылары, 449-бабы, 451-бабының 1-тармағы, 452-бабы, 481-бабының 4-тармағы).

Ауылөнеркәсіптік кешенің субъектілерінің салық салу жағдайын жақсарту мақсатында басқа заңды тұлғаларда қатысу үлесі 25 проценттен асатын заңды тұлғалардың және құрылтайшысы бір уақытта арнаулы салық режимін

қолданатын басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы болып табылатын заңды тұлғалардың АШПТӨ ЗТ арналған АСР қолдануы бойынша шектеу алып тасталынды (444-бабы 3-тармағының 3) және 4) тармақшылары).

Бұдан басқа, 2015 жылдан бастап Салық кодексінің 448-бабы Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент – заңды тұлға АСР қолдануға құқығы жоқтығы қарастырылған жаңа тармақшылармен толықтырылған.

Ауылөнімөндірісшілерге арналған көлік құралдары салығын бойынша

Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері, қолданылатын салық салу режиміне тәуелсіз, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге енгізілген ауыл шаруашылығы техникасы бойынша көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылмайды (365-бабы 3-тармағының 1) тармақшы).

Бұдан басқа, БЖС төлеушілерін көлік құралдары салығын босату жөнінде қолданыста болатын нормалармен қатар, салық салынатын табысына осы Кодекстің 147-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынатын, жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданатын, ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қажеттілік нормативтері шегінде жеңіл және жүк көлік құралдары бойынша көлік құралдарына салынатын салықтан босату Заңмен қарастырылған (365-бабы 3-тармағының 2) тармақшы).

Бұл ретте, осындай көлік құралдары пайдалануға, сенімді басқаруға немесе жалға беріле алатын нормалардың қолданылмайтынын атап өту керек.

Ауылөнімөндірісшілерге арналған мүлік салығы бойынша

Өз ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланылатын, меншік құқығындағы салық салу объектілері бойынша шаруа немесе фермер қожалықтары, сондай-ақ салық салынатын табыстарына Салық кодексінің 147-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынатын, жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданатын, ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар осы салықтың төлеушілерден алып тастау бойынша норма Салық кодексінің 394-бабының 4-тармағына Заңмен енгізілген.

Аманкелді ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

2014 жылдың 11 айында әлеуметтік-экономикалық салада заңдылықтың сақталуына прокурорлық қадағалау саласы бойынша атқарылған жұмыстардың статистикалық деректері

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 2 қыркүйектегі № 85 бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуын, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, Аманкелді ауданының прокуратурасымен 2014 жылдың өткен мерзімінде аудан аумағында тиісті прокурорлық қадағалау қамтамасыз етілді.

Атап айтқанда, әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау бойынша ағымдағы жылдың өткен мерзімінде жүргізілген 32 тексерудің нәтижесінде заңдылықтың бұзылуының 124 фактісі анықталды.

Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 26 ұсыныс, заң бұзушылықты жою туралы 10 наразылық енгізілді, 33 заңды түсіндіру, сотқа 1 талап арыз берілді, 2 тәртіптік өндіріс қозғалды. Аталған прокурорлық ықпал ету актілерін қарау нәтижесімен 81 тұлға тәртіптік, 6 тұлға әкімшілік және 36 тұлға материалдық жауапкершілікке тартылды, 34 заңсыз актінің күші жойылды немесе өзгертілді, 13 азаматтың конституциялық құқықтары қорғалды.

2014 жылдың өткен кезеңінде әлеуметтік-экономикалық саладағы аудан прокуратурасының ықпал ету шаралары негізінде жалпы сомасы 4 474 661 теңге, соның ішінде мемлекет кірісіне 4 399 910 теңге өндірілді.

Атап айтқанда, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның аудан аумағында мемлекеттік органдармен сақталуына аудан прокуратурасымен 3 тексеру жүргізіліп, 7 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 1 ұсыныс енгізіліп, 21 заңды түсіндіру берілді, 1 тәртіптік өндіріс қозғалды.

Прокурорлық ықпал ету іс-шаралары негізінде 5 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылса, мемлекеттік бюджетке 552 511 теңге өндірілді.

Жергілікті өкілетті және атқарушы органдары актілерінің заңдылығына аудан прокуратурасымен 1 тексеру жүргізіліп, нәтижелері бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 2 ұсыныс енгізілді, 1 наразылық келтірілді.

Прокурорлық ықпал ету шаралары негізінде 25 заңсыз акті өзгертілді немесе жойылды, 27 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Жер туралы заңнаманың сақталуына қадағалау саласы бойынша 4 тексеру жүргізіліп, 12 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша заңсыз актіге 1 наразылық келтірілді, заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 4 ұсыныс енгізілді.

Прокурорлық қадағалау актілерін қарау нәтижесімен жалпы аумағы 806 га құраған 2 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды, 6 тұлға тәртіптік 2 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, мемлекеттік бюджетке 1 111 200 теңге өндірілді.

Табиғатты қорғау заңнамасының сақталуын қадағалау саласы бойынша 1 тексеру жүргізіліп, 10 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша 1 наразылық келтірілсе, заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 3 ұсыныс енгізілді.

Прокурорлық ықпал ету актілерін қарау нәтижесінде мемлекет кірісіне 1 101 200 теңге өндірілді, 15 тұлға тәртіптік 1 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуына аудан прокуратурасымен 2 тексеру жүргізіліп, 8 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша 1 наразылық келтіріліп, заңдылықтың бұзылуын жою туралы 4 ұсыныс енгізілді, 6 заңды түсіндіру берілді. 2 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, жалпы сомасы 944 000 теңгені құраған 1 мемлекеттік сатып алу қорытындысының шешімі жойылды.

Еңбек туралы заңнаманың сақталуына аудан прокуратурасымен 3 тексеру жүргізіліп, 11 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша жұмыс берушілердің заңсыз актілеріне 3 наразылық келтіріліп, заңдылықтың бұзылуын жою туралы 1 ұсыныс енгізілді, 2 тұлға тәртіптік, 1 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 13 азаматтың конституциялық құқықтары қорғалды, 87 715 теңгені құраған залал өндірілді.

Денсаулық сақтау туралы заңнаманың сақталуына аудан прокуратурасымен 1 тексеру жүргізіліп, 13 заң бұзушылық фактісі анықталды.

Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 1 ұсыныс енгізілді, 1 әкімшілік іс қозғалды, 6 тұлға тәртіптік, 1 тұлға әкімшілік және 11 тұлға материалдық жауапкершілікке тартылды, мемлекет кірісіне 824 495 теңгені құраған залал өндірілді.

А.БАЙДІЛДИН,
аудан прокурорының аға көмекшісі
1-сыныпты заңгер

Х А Б А Р Л А М А

Құрметті кәсіпкерлер! Аманкелді ауданының прокуратурасымен 2014 жылдың желтоқсан айында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында «Шенеунік және Кәсіпкер» атты акциясы өткізілуде. Осыған орай, Сіздердің тараптарыңыздан туындаған барлық сұрақтар бойынша аудан прокуратурасының (8-71440) 21-5-06, 21-1-73 сенім телефондарына хабарласуыңызға немесе тікелей аудан прокуратурасының жедел қызметкерлеріне жүгінуіңізге болады.

Сонымен қатар, мемлекеттік және бақылау органдарының қызметкерлері тарапынан Сіздердің құқықтарыңыз бұзылатын болса аудан прокуратурасының жоғарыда аталған сенім телефондарына хабарласуыңызға болады.

Аманкелді ауданының прокуратурасы

Терроризмнен сақтана білейік

БЕРГЕНІ МОЛ ПІКІР АЛЫСУ

Қазақстан әлем елдеріне көптеген конфессиялар мен ұлт өкілдерінің бейбіт өмір сүру мекені ретінде танылған. Дегенмен, экстремизм мен терроризм мәселесі біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Міне осы өзекті мәселелердің бірі - ғасыр індетінің алдын алу бойынша жастардың діни сауаттылығын ашу мақсатында таяуда Б.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектепте дінтану және құқық пәнінің мұғалімі Б.Ақжановтың ұйымдастыруымен оқушылардың арасында «Терроризмге жол жоқ» атты дөңгелек үстел болып өтті. Дөңгелек үстелге Сатыбалды ишан атындағы мешіттің бас имамы Ж.Мүбәрәкұлы, аудандық А.Иманов атындағы мұражай директоры Н.Игіліков, аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Қ.Жармағанбетов және аудандық мәдениет және тілдер дамуы бөлімінің бас маманы С.Қадиршинов қатысып, оқушылармен пікір алмасып, ой бөлісуге келді.

Кездесу барысында оқушылар өздерінің экстремизм мен терроризм жайында білетін мағлұматтарын ортаға салып, ойларын ашық жеткізе білді. Барлық оқушылардың санасындағы сансыз сұрақтарға келген қонақтар барынша толық әрі мардымды жауап берді. Оқушылар өздерінің экстремизм мен терроризмге деген қайшылықты көз қарастарын айқын білдіріп, осы ауыр індетпен күресу жолдарын да айтып өтті.

Ой бөлісу барысында Е.Медет көпшілікке саяси экстремизмнің не екендігінен құлағдар етсе, Е.Мусин діни экстремизм жайлы мағлұмат беріп өтті. Әр оқушының айтқан пікірі көпшілікке ерекше әсер берді.

Бүгінгі жастардың діни экстремизмге бет бұрып кетуі «өзі ештемені білмей, еш нәрсені туралы ойламай, дін иелерінің сөзіне еріп, «ел қалай көмсе, мен де солай көштім» деген надандықтан шыққан соқыр сезім, үстірт наным» – бұл қазіргі қоғамға тән, діни сауатсыздықтың көрінісі, діни радикалданудың себебі болып отыр. Міне осындай ауыр індеттің алдын алуды бүгіннен бастағанымыз жөн.

К.КЕНЖЕАХМЕТОВА
«Аманкелді арайы» газетінің жас тілшісі.



Балаларға бағарлық

«БАЛАҚАЙ» ҚҰЫРШАҚ ТЕАТРЫ
ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМЫМЕН БАЛАБАҚШАЛАР МЕН АҒЫЛДАРДЫ АРАЛАДЫ

Жақында Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің «Балақай» қуыршақ театры жұртшылыққа «Мыстан кемпір және Үйшік» атты бүлдіршіндерге арналған жаңа қойылымын ұсынды. Театрға деген махаббат қуыршақтан басталады! Бүлдіршіндер ертегідегі қызықты оқиғалармен және сүйікті кейіпкерлерімен қауышып, қуанышқа бөленді. Тәрбиелік мәні зор бұл қойылымдар бүлдіршіндер мен оқушылардың театрға деген қызығушылықтарын арттырады. Балаларды ертегілер арқылы еңбекқорлыққа, достыққа, кішіпейілділікке, мейірімділікке тәрбиелеуге шақырады. Сонымен қатар бос уақытын тиімді өткізуге де пайдасы бар.

Мектепте үйірмеге қатысуға көптеген оқушылар ниет етті. Солардың ішінен қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, сынып жетекшісі Ә.Сүлейменованың 5«Б» сынып оқушылары алға шықты. Бұл «Балақай» қуыршақ үйірмесінің жетекшісі Ә.Жұмабековтың іріктеген 2-ші тобы атанды. Алғашқы қойылымды мектепке қойып, сәтті шыққан қойылымымен Құмкешу, Қарасу, Үрпек ауылдарымен қатар «Балдырған», «Жұпар», «Қаламқас» балабақшаларына барып, бүлдіршіндерге қуаныш сыйлады. Атап айтар болсақ: сол 5-ші «Б» сынып оқушылары Абаева Меруерт күшіктің рөлін сомдаса, Өмірхан Бекболат

аудың рөлін сомдап, қалжыңды биімен көрерменді бір қуанып тастады. Ал Серікбаева Баян қоянның рөлін ойнап, ертегінің басынан соңына дейін балаларға ән айтып, би билеп, тақпақтарын оқып, бүлдіршіндерді қуантты. Беркімбаева Аяжан мысықтың рөлін бейнелесе, Смағұл Әлібек биші қасқыр болып, би биледі. Сапар Мөлдір Мыстан бейнесін нақыша келтіріп ойнап, бүлдіршіндердің жүрегіне қорқыныш ұялатты. Содан соң Ханшайымның бейнесінде Гүлім Болатқызы бүлдіршіндерге тақпақтар мен өлеңдер айқызып, қазақтың керемет биі «Қара жорға» биін билетіп, жақсы өнер көрсеткен балаларға тәтті сыйлықтар беріп, «Балақай» қуыршақ театрының дискілерін сыйлады. Айта кеткен жөн, аудандық орталық аурухана басшысы Рашид Серікбайұлы жомарттық жа-



сап, ауылдарға бару үшін көлікпен қамтамасыз етіп, демеушілік жасады. Мектеп ұжымы Р.Серікбайұлына алғыстарын айтып, ризашылығын білдірді.

Осындай игі бастамалармен бүлдіршіндерге қуаныш сыйлап жүрген «Балақай» қуыршақ театрының ұжымына тек қана сәттілік тілейміз. Алдағы уақытта әлі талай жаңа қойылымдармен қуантады деген сенімдеміз!

Б.ОҢДАҒАН.

АУДАНДЫҚ АЙТЫС ӨТІЛІ



Таяуда Б.Қолдасбаев атындағы орта мектепте Аманкелді аудандық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік - тұғырым» атты аудандық оқушыларының жас ақындар айтысы өткізілді. Айтысқа аудан мектептерімен қатар Есір, Қарасу, Қабырға ауылдарынан жас

ақындар келіп бақ сынасты. Байқауға аудандық білім беру бөлімінің әдіскері А.Сәндібекова, Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ә.Сүлейменова, «Аманкелді арайы» газетінің тілшісі Ә.Жұмабеков, айтыскер ақын Б.Ізтілеуовтер қазылық

етті. Нәтижесінде 1-ші орынды Н.Мейірманов атындағы мектептен келген облыс жеңімпазы 10-шы сынып оқушысы А.Еркінғазы алды. Ал 2-ші орын Жасбуын орта мектебінен келген жас ақын Е.Қалижановқа бұйырды. Жүлделі 3-ші орынды Қабырға ауылынан келген Е.Несіпбеков еншіледі. Сонымен қатар «Қ.Әмірғазин» атындағы жұлде дарынымен ерекше көзге түскен Н.Мейірманов атындағы мектептің оқушысы Е.Әуезханға берілді.

Байқау соңында айтысты ұйымдастыруға үлесін қосқан айтыскер ақын Б.Ізтілеуов демеушілік жасаған азаматтарға алғысын айтты. Атап айтар болсақ: аудандық мәдениет үйінің басшысы О.Қылдыбаева, аудандық кітапхана басшысы Р.Әлмағамбетоваға, Жастар қоғамдық ұйымының басшысы Н.Игіліковке, Сатыбалды ишан мешітінің имамы Ж.Әмірхамзинға және «Қ.Әмірғазин» атындағы жұлдені әкеп отырған С.Әмірғазинға алғыстарын айтып, ризашылығын білдірді.

Ә.БЕГІМБЕТ

Суретте. айтыс жеңімпаздары

ЖҮЛДЫЗДАРМЕН КЕЗДЕСУ



Жуырда Б.Қолдасбаев атындағы орта мектепте «Сыр-сұхбат» шоу бағдарламасы өткізілді. Бағдарламаның қонақтары қазақ эстрадасының жұлдызының бірі - жерлес әншіміз Медет Шайкелов

пен Астана қаласының әншілері «Дабыл» тобы келді.

Бұл топтың құрылғанына 10 жылдан астам уақыт болды. «Махаббат сыры» әні кеңінен танылып,

ел аузында айтылып жүр. Сонымен қатар «Астана аруы» сынды әндері де шыққан. Топтың атын «Дабыл» деп қою себебі қазақтың аспабы дабылдай дабыл қағып, ән шырқап жүрейік деп қойған екен.

Ал М.Шайкелов біздің ауданымызда ғана емес, бүкіл қазақ еліне танымал әнші. Осы сыр сұхбаттың қонақтарына арнайы дайындалған жарысмыз қызықты ойындар ойнатылып, сұрақтар қойылып, нақты жауаптар айтылды. Кеш соңында Ерлан Ормановтың «Арайлы Аманкелдім» әні мектептің жас әншілері Асылхан мен Ермектің орындауында шырқалды.

Кеш соңында оқушылар қонақтармен естелік суреттерге түсіп, алғыстарын айтты.

Ә.МҰРАТБЕКҰЛЫ.
өз тілшіміз.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ардақты әкеміз, атамиз **Мираш** және аяулы анамиз, әкеміз **Ақжиде НҮРЖАНОВТАРДЫ** бірін 60 жасқа толуымен, бірін зейнеткерлік жас 58-ге толуымен шын жүректен құттықтап, жұптары жазылмай бірге жасап, ұзақ өмір сүріп, біздің қызығымызды көре берулерін тілейміз.

Ата-әже, орындалып ойларын, Көтеріліп бірге көңіл-жайларын. Тұрсыздар ғой екі тойды бір тойлап, Сондықтан да құтты болсын тойларын!

Алдымызда аман-есен жүріңдер, Бізден талай қызықтарды көріңдер. Шөбере мен шөпшек сүйіп бал тілді, Оларға да үлгі-өнеге беріңдер.



Тілек білдірушілер: балалары Ерболат-Нұргүл, Еркәнат-Жұлдыз, қызы Жұмақұл, немерелері Нұрболат, Жанайкерім, Салтанат, Алина, Дархан.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Асқар таудай әкеміз **Бауыржан ТІЛЕУБЕРГЕНҰЛЫН** 25 желтоқсанда толатын 49 мүшел жасымен құттықтаймыз. Әкемізге зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ өмір тілейміз және немересі **Алтыншоқтың** қызығын көре берсін деп тілейміз.



Алдағы мақсатың мен аңсаған арманыңызға жетіп, келешек ғұмырыңыз бұдан да баянды, шаттыққа толы болсын. Елге сыйлы, көпке қадірлі болып, абыройыңыз арта берсін. Балалардың қызық-қуанышына тоймайтын, бақытты күндер, тату-тәтті тіршілік жалғаса берсін деп ізгі тілегімізді өлең жолдарымен жалғастырамыз.

Жан әке, сіз жүргенде көзінді сап, Өсеміз бәйтеректей өзін құсап. Ортада өзін барда дара шындай, Бізге ашық, кең пейілді сезім құшақ.

Құттықтаушылар: жұбайы Қанания, немересі Алтыншоқ, ұлдары Еркін, Азамат, Дархан, Ерхан, келіні Гүлбақыт.

ЕСКЕ АЛУ

Асыл анамиз, Үрпек ауылының тумасы, **Ақдәулет келіні Раушан ЖАҢБЫРШЫҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болғанына 5 жыл толды. Ана – балаларының күндей шуағы, берік қорғаны, мейірімді панасы. Бүгін, міне біз үшін дүниедегі ең асыл жанды сағынышпен еске алып отырмыз.



Біздер үшін ардақтысың дарасын, Аялаған көздің ақ пен қарасын. 5 жыл болды бізді тастап кеткелі, Асқар таудай жанашырым, анашым.

Жазғанына тәңір қайтем, бағынам, Жетпес сезем мұның айтпас базынам. Отағасы, отанасы болсақ та, Анашым-ау, біз өзінді сағынамыз.

Еске алушылар: балалары-келіндері, күйеубалалары, немере-шөберелері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Д.Ж.Нупиров хабарлайды: Қостанай облысы Аманкелді ауданы Аманкелді селосындағы М.Маметова көшесіндегі №21 А үйде орналасқан сауда үйі мен қонақ үйі бос тұрған ғимарат ретінде қайта құрылымдауға байланысты «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің жұмыс жобасы жасалды. Материалдары Қостанай облыстық әкімдігінің «Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне экологиялық экспертизадан өткізуге жолданды. Бұл хабарландыру онымен тұрғындардың танысып-білісуі үшін жарияланып отыр.

Егер туындаған түрлі сұрақтар болса, мына телефонға хабарласуларыңыз сұралады: 8(7142) 50-43-45.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Нупиров Д.Ж. сообщает разработан раздел «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Реконструкция пустующего здания под торговый магазин и гостиницу расположенного по ул. М.Маметова №21А в с. Амангелды Амангелдинского района Костанайской области». Материалы направлены в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области» на государственную экологическую экспертизу. Информация публикуется с целью ознакомления населения. По интересующим вопросам звонить по телефону 8 (7142) 50-43-45.

ЖЕКЕ КӘСПКЕРЛІК ЖАБЫЛДЫ

Алпысбаева Гульбанудың атындағы сериясы 06915 №0165199 жеке кәсіпкерлігі осы хабарландыру жарияланған күннен бастап жабылды.

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын

материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1926 дана. Тапсырыс - 2710

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.